

БАҒАЛАЙ БІЛСЕҢ ЖЫЛҚЫҢДЫ...

8-БЕТ | МӘСЕЛЕ



ҚАЗІРГІ ТЕАТР ЖҮРЕКТЕН ӨТПЕЙДІ...

9-БЕТ | РУХАНИЯТ

“ Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Қазір Қазақстанда түбегейлі өзгерістер кезеңі басталды. Оны баршаңыз жақсы білесіздер. Бәріміз бір ел болып Конституциялық реформаны табысты жүзеге асырдық. Бұл реформаның тарихи мән-мағынасы ерекше. Оның ел дамуына тигізетін ықпалы аса күшті боларына күмән жоқ. Соған байланысты шет елдердің басшылары, саясаткерлер және сарапшылар біздің Конституциялық реформаға аса зор ықыласпен қарап отырды. Олар Қазақстан конституциялық реформаға жаңаша көзқараспен қарап, кең ауқымды өзгерістер жасағанын, еліміз Конституцияның мән-мазмұнын өзгертіп, мүлде жаңа тұрпатты ел болғанын айтып жатыр.

№34-36
(4934)
Сенбі
28 наурыз
2026 жыл

ASTANA
AQSHAMY

ELORDA AQPARAT

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



АСТАНА – СЕНІМДІ ҚАРЖЫ ХАБЫ

Бас қала GFCI жаһандық рейтингінде 3 орынға көтеріліп, аймақтағы көшбасшылығын нығайтты.

Astana Global Financial Centres Index (GFCI 39) жаһандық қаржы орталықтары рейтингінде өз позициясын жақсартып, 3 орынға көтеріліп, әлемдегі 120 қаржы орталығының ішінде 65-орынды иеленді. Сонымен қатар «Астана» халықаралық қаржы орталығы Шығыс Еуропа мен Орталық Азия аймағында бірінші орынды сенімді түрде сақтап, көшбасшылықты 3 жыл бойы нығайтып келеді. GFCI индексінің ағымдағы редакциясы көрсеткендей, қаржы орталықтарының көпшілігінде көрсеткіштер төмендеген. Бұл нақты юрисдикциялардағы өзгерістерден гөрі жаһандық кең ауқымды өзгерістерді көрсетеді. Осы жағдайға қарамастан, Астананың 3 орынға көтеріліп, әлемде 65-орында болуы – маңызды нәтиже. Бұл Астана қаласы мен АХҚО-ның халықаралық қаржы қауымдастығы арасындағы танымалдығы мен сенімділігінің артып келе жатқанын көрсетеді. Сондай-ақ респонденттердің пікірінше, Астана алдағы 2-3 жылда маңызы арта түсетін топ-5 қаржы орталығының қатарына енеді.

АШЫҚ ЕСІК КҮНІ ӨТЕДІ

Бүгін, 28 наурызда, Астана қаласындағы Ұлттық ғылыми онкология орталығында ашық есік күні өтеді.

Іс-шара онкологиялық сырқаттану мен өлімді төмендету, сондай-ақ халыққа мамандандырылған медициналық көмектің қолжетімділігін арттыру жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру шеңберінде ұйымдастырылып отыр. Ашық есік күні іс-шарасы барысында жетекші онколог дәрігерлер азаматтарды учаскелік дәрігердің жолдамасынсыз және алдын ала жазылусыз тегін қабылдайды. Денсаулық сақтау министрлігі азаматтарды өз денсаулығына мұқият қарауға және дер кезінде дәрігерге қаралуға шақырады. Астанадағы Онкологиялық орталықтың мекенжайы: Керей және Жәнібек хандар көшесі, 3/2.



ЕЛОРДА – ТАЗАЛЫҚТЫҢ ҮЛГІСІ


«Таза Қазақстан» жалпыұлттық экология акциясы аясында елордада ұйымдастырылатын іс-шаралар үздіксіз жүргізіліп келеді. Биылғы Наурызнама онкүндігі барысында да тазалық жұмысына ерекше мән берілді. Қаладағы барлық қоғамдық кеңістікте «Тазару күніне» орайластырылған сенбіліктерге жастар ұйымдары, еріктілер, коммуналдық қызметкерлер және қала тұрғындары белсене қатысты.



2026 жылғы 9 сәуірден бастап «Астана – Ақтоғай – Талдықорған» бағыты бойынша тікелей қатынайтын пойыз іске қосылады.

№122/121 «Астана – Семей – Астана» пойызының құрамына екі вагон – 1 купелік және 1 плацкарттық вагон қосылады.

«Пойыз Ақтоғай станциясына келгеннен кейін бөлек пойыз құрамында Талдықорғанға дейін сапарын жалғастырады. Бұл жолаушыларға ешқандай ауысып мінусіз ыңғайлы сапар жасауға мүмкіндік береді. Пойыз күнара жүретін болады» делінген хабарламада.



2025 жылы Қазақстандағы халықтың өмір сүру ұзақтығы 75,97 жасқа жетті деп хабарлайды Ұлттық статистика бюросының баспасөз қызметі.

Қалалық жерлерде өмір сүру ұзақтығы ауылдыққа қарағанда жоғары, тиісінше 76,63 және 74,81 жас. Ал гендерлік бөліністе әйелдердің орташа өмір сүру ұзақтығы 79,8 жас, ал ерлерде 72,19 жас болды. 2024 жылы бұл көрсеткіш тиісінше 79,42 мен 71,33 жасқа жуықтаған. Өңірлер бойынша ең ұзақ өмір сүру көрсеткіші Алматы қаласында – 78,83 жас, Астана қаласында – 78,78 жас, ал ең төменгі көрсеткіш Ұлытау облысында – 73,56 жас.

«ASTANA AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР

№34-36 (4934) 28/03/2026 Сенбі

АҚОРДА



САПАР ДАЙЫНДЫҒЫН ПЫСЫҚТАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев елімізге жұмыс сапарымен келген Ресей Федерациясы Үкіметінің Төрағасы Михаил Мишустинмен кездесті. Кездесуде Қазақстан мен Ресей арасындағы стратегиялық серіктестіктің және одақтастық қарым-қатынастың нығайып келе жатқаны атап өтілді. Сондай-ақ өзара тиімді диалог пен жоғары деңгейде қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру қарқын алғанына назар аударылды.

Мемлекет басшысының айтуынша, Михаил Мишустиннің Шымкент қаласында өтетін Еуразиялық үкіметаралық кеңес отырысына және Цифрлық форумға қатысуы Қазақстан-Ресей байланыстарының айрықша сипатын және оны одан әрі өрістетуге қос тараптың ұмтылысын тағы да растайды.

«Екіжақты экономикалық ынтымақтастықтың қалай дамып келе жатқаны өзіңізге мәлім. Қазірдің өзінде құны 25 миллиард долларға жуық 122 ірі жоба іске асырылды. Сауда көлемі 30 миллиард долларға жақындады. Бұл жақсы нәтиже деуге болады. Ресей біздің негізгі сауда-экономикалық, инвестициялық серіктесіміз саналады. Бұған, әрине, қуаныштымыз» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Әңгімелесу барысында Ресей Федерациясының Президенті Владимир Владимирович Путиннің Қазақстанға жасайтын мемлекеттік сапарына дайындық мәселелеріне баса мән берілді. Мемлекет басшысы Астана алдағы сапарды екі ел арасындағы стратегиялық серіктестік пен одақтастық қатынастарды одан әрі дамытуға тың серпін беретін өте маңызды шара ретінде қарастыратынын жеткізді. Президенттің айтуынша, әзірлік жұмыстары аясында сан қырлы ынтымақтастық тағы да пысықталды.

Ресей Үкіметінің Төрағасы қазақ жерінде көрсетілген сый-құрмет үшін Мемлекет басшысына ризашылығын білдірді. Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаевты жалпыұлттық референдумның табысты өтуімен және Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы қабылдануымен құттықтады. Михаил Мишустиннің айтуынша, референдум Қазақстан Президентінің мемлекет іргесін нығайтуды, экономиканы дамытып, азаматтардың әл-ауқатын арттыруды көздейтін саясатын барша халық қолдайтынын көрсетті.

«Орайлы сәтті пайдаланып, Сізге Владимир Владимирович Путиннің ыстық ықыласын жеткізгім келеді. Бірер күн бұрын Президентпен екіжақты қарым-қатынастың күн тәртібін, сондай-ақ биыл мамыр айына жоспарланған сапарына әзірлік жұмыстарын егжей-тегжейлі талқыладық. Үкімет бұл сапардың да табысты өтуіне барынша күш салады. Сіздің былтыр қараша айында Ресей Федерациясына жасаған сапарыңыз барысында мемлекеттер басшылары қойған барлық міндетті екі ел үкіметтері іске асырып жатыр» деді Михаил Мишустин.

Сондай-ақ тараптар екіжақты күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты.



ҚАЗАҚ ПАРАСПОРТЫ ҮШІН ТАРИХИ ЖЕТІСТІК

Ақордада XIV Қысқы Паралимпиада ойындарының чемпионы Ербол Хамитов пен оның бапкерлерін марапаттау рәсімі өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев Италияда өткен әлемдік дода еліміз үшін өте табысты болғанына тоқталды. Жаһандық бәсекеде отандасымыз Ербол Хамитов алтын және қола медаль жеңіп алды.

«Нағыз чемпион атанып, еліміздің мерейін үстем етті, көк Туымызды биікте желбіретті. Бұл – қазақ параспорты үшін тарихи жетістік. Ербол қазақтың қайсар, өр рухты әрі намысты ұлт екенін күллі әлемге паш етті. Сондықтан, ең алдымен, саған және бапкерлерге шынайы ризашылығымды білдіремін. Паралимпиада ойындарына аттанар сәтте мен еліміздің көк Туын саған табыстадым. Сол артылған сенімді толық ақтап, Қазақстанға жеңіспен оралдың. Керемет нәтижеге жеттің! Соның арқасында еліміз командалық есепте 18-орынға табан тіреді. Үздіктердің ішінен алға шығып, чемпион болу оңай емес. Бұл жылдар бойғы тынымсыз дайындық пен қажырлы әрі табанды еңбектің жемісі екені анық» деді Президент.

Мемлекет басшысы Ербол Хамитовтың жетістікке жету жолында оның бапкерлері айрықша рөл атқарғанына назар аударды.

Мемлекет басшысы XIV Қысқы Паралимпиада ойындарындағы (Италия) жоғары спорттық жетістіктері үшін Ербол Хамитовты III дәрежелі «Барыс» орденімен марапаттады. Туризм және спорт министрлігіне қарасты Дене мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға арналған спорттық даярлау орталығының жаттықтырушылары Василий Коломиец пен Антон Ждановичке «Парасат» ордені, Солтүстік Қазақстан облысындағы «Үміт» мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға арналған спорт клубының жаттықтырушысы Аслан Тоқбаевқа «Құрмет» ордені табысталды. Ербол Хамитов әлемдік додаға аттанар алдында мемлекеттік Туды тапсырып, сенім артқаны үшін Президентке алғыс айтты.

ӘЙГІЛІ АЛЬПИНИСТ – ЕҢБЕК ЕРІ

Ақордада әйгілі альпинист Ерванд Ильинскийге жоғары дәрежелі ерекшелік белгісі – «Қазақстанның Еңбек Ері» атағын салтанатты түрде табыстау рәсімі өтті. Мемлекет басшысы Қазақстан мен әлем альпинизмінде аты аңызға айналған тұлғамен жүздескеніне қуанышты екенін жеткізді.

«Өзіңіздің зор қажыр-қайратыңыз бен аса жоғары кәсібилігіңіздің арқасында Қазақстан Республикасының көк Туы Жер шарының асу бермес асқарларында желбіреді. Әлемнің ең биік нүктелерін бағындырған тәжірибелі шыңға өрмелеуші, халықаралық турнирлердің жеңімпазы ретінде дүние жүзіне даңқыңыз жайылды. Эверестке гіңізбен Қазақстан құрамасы әлемде бірінші болып биіктігі 8 мың метрден асатын барлық 14 шыңға шықты. Мұның өзі бірегей жетістік саналады. Спортшыларымыз альпинизмнің сіз қалыптастырған даңқты дәстүрін жалғастырып, көптеген халықаралық сайыстан табысты оралып жүр» деді Президент.



шығып, беделді «Жеті шың» клубына мүше болған алғашқы қазақстандық атандыңыз. Сізді елімізде альпинизм мектебінің негізін қалаушы ретінде құрметтейді. Отандық мектеп Қазақстанның жаһандық брендіне айналды. Талап пен тәртіпті қатар қоятын талантты бапкерден бір шоғыр альпинист-спортшылар тәлім алды. Олардың қатарында әлем рекордын жаңартқан, чемпион атанған, халықаралық альпинизм қозғалысының элитасына кірген мықтылар баршылық. Бапкерлікпен шұғылданған уақыт ішінде жүзден астам спорт шеберін даярладыңыз. Шәкірттеріңіздің арасында халықаралық дәрежедегі спорт шеберлері, тіпті, еңбек сіңірген спорт шеберлері де бар. Сіздің жетекшілігіңізбен Қазақстан құрамасы әлемде бірінші болып биіктігі 8 мың метрден асатын барлық 14 шыңға шықты. Мұның өзі бірегей жетістік саналады. Спортшыларымыз альпинизмнің сіз қалыптастырған даңқты дәстүрін жалғастырып, көптеген халықаралық сайыстан табысты оралып жүр» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Ерванд Тихоновичтің асыл қасиеттері мен адамдарға, әсіресе, альпинистерге деген шынайы қамқорлығын жоғары бағалады.

Ерванд Ильинский атқарған қызметіне жоғары баға беріп, отандық альпинизмге айрықша көңіл бөлгені үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты.

«Мұны Қазақстан альпинистер қауымы жеткен жетістіктердің мемлекет деңгейінде танылуы деп түсінемін. Шын мәнінде, біздің табысымызды шетелдік альпинистер де мойындайды. Осыған куә болғаныма қуаныштымын» деді ұлттық құраманың тәлімгері.

ЕРЕКШЕ МӘРТЕБЕГЕ ИЕ БОЛАДЫ

Парламент «Алатау қаласының арнаулы құқықтық режимі туралы» конституциялық заңды екінші оқылымда қабылдады. Құжатқа сәйкес, Алатау дербес басқарушылық, қаржылық және институционалдық ерекше режимі бар қала ретінде қалыптасады.

Басқару моделі қазіргі әкімшілік басқару мен стратегиялық дамуды бөлуге негізделген. Бұл үдерісте негізгі рөлді Alatau City Authority атқарады. Ол – Үкімет құрамына кірмейтін, бірақ Премьер-министр төрағалық ететін кеңеске есеп беретін мемлекеттік қор нысанындағы орталық мемлекеттік орган. Сонымен қатар мәслихат пен әкімдік қаланың күнделікті тіршілігін қамтамасыз ету жөніндегі өз функциясын сақтайды. Заң «Digital by default» («Автоматты цифрлық») қағидатын енгізуді және Алатауды жасанды интеллект технологияларын кеңінен қолданатын толыққанды Smart City ретінде дамытуды бекітеді.

Бір блок толығымен қаланың дербес қаржы-салық моделін қалыптастыруға бағытталған. Алатау аумағында арнайы салық нормаларының басымдығы қолданылады, сондай-ақ 2050 жылға дейін немесе қаржылай өзін-өзі қамтамасыз ету деңгейіне жеткенге дейін оның бюджетінен республикалық және өзге де бюджеттерге қаражат алуға тыйым салынады. Жергілікті бюджет пен мемлекеттік қор бюджетін біріктіретін шоғырландырылған бюджет енгізіледі. Бұл қазіргі шығыстар мен ұзақмерзімді даму жобаларын тұтастай қаржыландыруды қамтамасыз етеді.

Салық жеңілдіктері жаңа инвестиция жобаларына ашықтық және міндеттемелерді жария түрде ашу шарттарымен беріледі. Қосымша ретінде халықаралық стандарттарды қолдану, лицензиялауды жеделдету және бизнес жүргізу үшін жеке жағдайлар жасау мүмкіндігін көздейтін инновациялық режим енгізіледі.

Инвестиция саясатын іске асырудың негізгі құралы Алатаудың жер қоры болады. Жер учаскелері резиденттерге нақты инвестиция жобаларына байланысты лицензиялар немесе шарттар негізінде беріледі. Бұл жерді даму ресурсы ретінде экономикалық айналымға тартуға мүмкіндік береді.

Қаланы дамыту ұзақмерзімді жоспарлау құжаттары негізінде жүзеге асырылады. Олардың қатарында стратегия, 30 жылдық тұжырымдамалық жоспар және қайта қарау мерзімі шектеулі 15 жылдық қала құрылысы жоспары бар. Сонымен қатар заң инвестицияларды қорғауға, кемсітусіз тәсілге және инвесторларға АХҚО соттарының юрисдикциясы мен халықаралық арбитраж арасында таңдау мүмкіндігіне кепілдік береді.

№34-36 (4934) 28/03/2026 Сенбі



ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯҒА БАСЫМДЫҚ БЕРІЛМЕК

Кеше қалалық мәслихатта Астана қаласы Ішкі саясат басқармасының мемлекеттік ақпараттық саясатты іске асыру және халықты мемлекеттік органдар мен қызметтердің жұмысы туралы ақпараттандырудың тиімділігі жөніндегі қызметі мәселесі бойынша тыңдау өтті. Жиын барысында «Elorda Aqparat» ЖШС директоры Олжас Сыдықбек баяндама оқыды.

Қазіргі уақытта ақпаратты жариялаудың жеделдігі, коммуникацияның цифрлық арналарын кеңейту, халықпен кері байланысты күшейту және талдамалық жұмыстың сапасын арттыру мәселелері – басты назарда.

Олжас Сыдықбек өз сөзінде «Elorda Aqparat» медиахолдингінің елордадағы ақпараттық кеңістікте маңызды рөл атқаратынын атап өтті. Холдинг құрамындағы «Astana aqshamy» және «Вечерняя Астана» газеттері, сондай-ақ Elorda.info порталы мен әлеуметтік желілер қала тұрғындарына ресми ақпаратты жедел әрі қолжетімді форматта жеткізіп отыр.

Оның айтуынша, мемлекеттік бағдарламалар мен Президент тапсырмаларын түсіндіру бағытындағы жұмыстарға ерекше назар аударылған. Атап айтқанда, «Жұмысшы мамандықтар жылы», «Таза Қазақстан» және «Заң мен тәртіп» қағидаттары аясында мыңдаған материал жарияланып, қоғамда түсіндіру жұмыстары күшейтілген.

Сонымен қатар ақпаратты таратуда көпарналы модель тиімді қолданылып жатқаны айтылды. Яғни бір ақпарат газетте кеңейтілген түрде, сайтта жедел жаңалық ретінде, ал әлеуметтік желілерде қысқа әрі визуалды форматта ұсынылады. Бұл тәсіл әртүрлі аудитория топтарын қамтуға мүмкіндік береді.

Олжас Сыдықбек заманауи мультимедиалық студияның құрылып жатқанын, онда подкасттар, бейнесюжеттер және арнайы жобалар әзірленетінін жеткізді. Фото және видео контент өндірісі де күшейтіліп, ақпаратты визуалды түрде ұсынуға басымдық бермек.

Баяндама соңында медиахолдингтің алдағы уақытта цифрлық трансформацияға басымдық беріп, жасанды интеллект мүмкіндіктерін енгізу арқылы контент сапасын арттыратыны айтылды.

МЕДИЦИНАНЫҢ МҮМКІНДІГІ МОЛ


Astana Tourism қолдауымен туристік және медициналық бизнес өкілдері үшін ақпараттық тур ұйымдастырылды. Іс-шара туроператорлардың, медициналық туризм агенттіктерінің және салалық сарапшылардың басын қосты. Жиында Астанадағы медициналық инфрақұрылымның мүмкіндіктері таныстырылды.



Негізгі алаң ретінде жаңа көппрофильді «Prime Green Clinic» клиникасы таңдалды. Мұнда қатысушыларға заманауи медициналық база, негізгі бағыттар және медициналық қызметті ұйымдастыру әдістері көрсетілді. Бағдарлама аясында қонақтар клиниканың диагностикалық және емдік мүмкіндіктерімен танысты. Заманауи құрал-жабдықпен жабдықталған клиникада амбулаторлық көмек, диагностика, мамандандырылған емдеу және алдын алу бағдарламалары бар. Инфотур кезінде астаналық медициналық ұйымдар, оның ішінде «Green Clinic» желісі халықаралық ынтымақтастықты белсенді дамытып, салалық шараларға қатысатыны айтылды. Жиын барысында клиника мен 7 туроператор арасында келісімдер жасалды. Олар медициналық туризмді дамытуға және пациенттерді тартуға бағытталған.

ЖҮРГІЗУШІЛЕР ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ ТАРТЫЛДЫ

Жедел басқару орталығының камералары арқылы Астанада жол ережесін бұзған жүргізушілер анықталып, оларға тиісті шара қолданылды.



Полиция қызметкерлері ең алдымен қауіпсіздік белдігін тағу, көлікті басқару кезінде ұялы телефонды пайдаланбау, сондай-ақ кәмелетке толмаған жолаушыларды тасымалдау ережелерінің сақталуына ерекше назар аударды. Жедел басқару орталығының камералары бірнеше құқық бұзушылықты анықтады, нәтижесінде жүргізушілер жауапкершілікке тартылды. Мысалы, 52 жастағы «Audi» автокөлігінің жүргізушісі Тұран даңғылы бойымен жүріп келе жатып, қауіпсіздік белдігін тақпаған. Бұл факт камера операторлары арқылы тіркеліп, ақпарат патрульге дереу жетті. Жүргізуші жауапкершілікке тартылды. Тағы бір мысал, 54 жастағы «Hyundai» автокөлігінің жүргізушісі жолда ұялы телефонын қолданған. Бұл құқық бұзушылық та камераға түсіп қалған. Мұндай алдын алу шаралары құқық бұзушылықты тоқтатып қана қоймай, азаматтардың өмірі мен денсаулығын да қорғайды.

LRT ЖЫЛДАМДЫҒЫ – 80 КМ/САҒ

Астанада LRT жылжымалы құрамы сынақтық пайдалану кезінде 80 км/сағ ең жоғары жылдамдықпен қатынады.

LRT желісін сынақтық пайдалану аясында «Әуежай» стансасынан «Нұрлы жол» стансасына дейінгі учаскеде жылжымалы құрам мен инфрақұрылымның жоспарлы сынақтары жүргізіліп жатыр. Сынақ барысында пойыздар жобалық 80 км/сағ жылдамдыққа жетті. Жүргізілген сынақтар қозғалысты басқару, байланыс және дабыл жүйелерінің белгіленген режимде дұрыс жұмыс істейтінін растады.



САРБАЗДАРДЫ САЛТАНАТПЕН ҚАРСЫ АЛДЫ

Астана қаласының Қорғаныс істері департаменті мен ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі бірлесіп, әскери борышын өтеп қайтқан сарбаздарды «Нұрлы жол» теміржол вокзалында салтанатты түрде қарсы алды.

«Семей-Астана» жүрдек пойызынан сап түзеген, шымыр әрі шыныққан 41 сарбаз түсіп, бірден сапқа тұрды. Топ басшысы саптық адыммен келіп, былтыр көктемгі шақырылым сарбаздарының Отан алдындағы борышын абыроймен атқарып, елге оралғаны туралы баяндады.

«Шекарада өткен бір жыл маған тәртіпті, жауапкершілікті және отбасыңның қадірін түсінуді үйретті. Қазір туған-туыстарымның жанында болғаныма өте қуаныштымын» дейді мерзімді әскери қызметін аяқтаған сарбаздың бірі Жексембай Самат.

Мемлекеттік шекарада қызмет ету – жас сарбаздардың Отанға деген адалдығы мен ел қауіпсіздігін қорғауға деген шынайы жауапкершілігі. Айта кету керек, «аға орнын іні басар» дегендей, 2026 жылғы көктемгі шақырылымның жаңа сарбаздары бұған дейін елдің шығыс шекарасына аттанып кетті.



КЕМІРГІШТЕРМЕН КҮРЕС БАСТАЛДЫ

Елордада Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы дератизациялық іс-шаралардың көктемгі кезеңін бастады. Өңдеу жұмысы жеке сектор мен ашық аумақтарды – саябақтарды, өзен аумағын, су айдындарын, каналдарды, зираттарды қамтиды.

Дератизация үш кезең бойынша өтеді, яғни дезинфекция мамандары әрбір тұрғын алапты үш рет аралап шығады. Жалпы 28 мыңнан астам тұрғын үйді өңдеу жоспарланып отыр. Үй иелері сақтық шараларын қатаң сақтап, уланған жемдерді балалардың қолы жетпейтін жерлерге, мысалы, жертөлелерге немесе шатырларға қойғаны дұрыс. Сондай-ақ дератизация ашық аумақтарда да жүргізіледі. Уланған жемдер саябақтарда, өзен аумағында, канал бойында, су айдындарының маңында және зираттарда орналасады. Бұл іс-шаралар кеміргіштер санын азайтуға және аса қауіпті жұқпалы аурулардың таралуының алдын алуға бағытталған.

№34-36 (4934) 28/03/2026 Сенбі

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ



ТАЗАЛЫҚҚА БАСТАР ЖОЛ:
АЛТАЙДАН АСТАНАҒА ДЕЙІНГІ ӨНЕГЕЛІ САПАР

Қазір экология мәселесі бүкіл әлем үшін өзекті тақырыптың біріне айналды. Қоршаған ортаның ластануы, табиғи ресурстардың азаюы және экология мәдениетінің төмендігі адамзатты үлкен таңдауға дәп келтірді. Осыған байланысты Қазақстанда табиғатты қорғау мен тазалықты сақтауға бағытталған маңызды бастаманың бірі – «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы жүзеге аса бастады.

«ТАЗАРУ КҮНІНДЕГІ» ТАҒЫЛЫМДЫ ҮНДЕУ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Тазару күніне» орай биыл да үндеу жасап, елімізде табиғат игілігін ұқыпты пайдалану мен саналы тұтыну мәдениеті қоғамда кеңінен қалыптасып келе жатқанын атап өтті.

– «Тазару күніне» орай еліміздің әр түкпірінде «Таза Қазақстан» жалпыұлттық жобасының жаңа кезеңіне жол ашатын ауқымды экология акциясы басталды. Бұл – Наурызнама онкүндігінде айрықша орын алатын күн. Қоғамымыздың жаңғыруы күллі табиғаттың жаңаруымен тұспа-тұс келіп отыр. Уақыт пен іргелі өзгерістердің осылай үндесуі баршамызға Отанымыздың игілігі жолында аянбай еңбек етуге айрықша күш-жігер беретіні сөзсіз, – деді Президент.

Осы ретте Қасым-Жомарт Тоқаев ел көлемінде «Мөлдір бұлақ» бастамасы жүзеге асып жатқанын атап өтті.

«Республика аумағында «Мөлдір бұлақ» бастамасын жаппай іске асыру қолға алынған. Бұл жоба аясында бұлақтардың көзін ашу, тал егу, жағалаулар мен су айдындарын, аулалар мен саябақтарды тазалау жұмыстары жүйелі түрде жалғаса береді».

Президент Наурыз мейрамы кезінде қабылданған жаңа Конституцияда азаматтардың табиғатқа қамқорлықпен қарауы ұлттық дүниетанымның басты қағидатының бірі ретінде айқындалғанын ерекше атап өтті. Оның айтуынша, жаңа Конституция – ел бірлігінің арқауы, рухани әрі құқықтық бағдар және тәуелсіздіктің мызғымас тұғыры. Ата Заң қоғамда ынтымақ, жауапты әрі жасампаз отаншылдық, «Таза Қазақстан» құндылығын қалыптастыруға негіз болады. Сондай-ақ Мемлекет басшысы «Таза Қазақстан» идеология тұжырымдамасының мәні тек қоршаған ортаны таза ұстаумен шектелмейтінін, ол азаматтардың ниеті мен пейілінің тазалығымен, елдің әл-ауқатын арттыруға бағытталған ұстаныммен тығыз байланысты екенін жеткізді.

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» БІР КҮНДІК НАУҚАН ЕМЕС

«Тазалық әр адамнан, әр үйден, әрбір көше мен әр қаладан басталуы керек. Өйткені «Таза Қазақстан» бұл бір күндік науқан емес, бұл – біздің өмір салтымыз» деп Президент Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, бастапқыда Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған бұл жоба бүгінде халық арасында айрықша қолдау тауып, күнделікті өмірдің бір бөлігіне, игі дағдыға әрі үлкен қоғамдық қозғалысқа айналып үлгерді. Яғни бұл тек сөз жүзінде айтылатын немесе мемлекеттік органдар ұйымдастыратын мезгілдік шара ғана емес, әрбір азаматтың жауапкершілігі мен саналы әрекетін талап ететін тұрақты үрдіске ұласты десек, бұған шығыстағы Зайсан ауданынан елордаға дейін 1300 шақырым жол бойындағы қоқысты теріп келген қарапайым азаматтардың еңбегі айқын дәлел болмақ.



Ерлі-зайыпты Толқын Мұратбай мен Сетерхан Қабдешқызының Президенттің «Таза Қазақстан» бастамасына үн қосу, жастарды тазалықты сүйіп, еліміздің экологиялық ортасын қорғауға шақыру мақсатындағы бұл сапары 10 наурыз күні басталыпты. Ауа райының қолайсыздығына байланысты алғашқы күндері аялдауға тура келгенмен, кейін таңғы сағат 4-тен түнгі 11-ге дейін тынымсыз еңбек еткен олар 11 күн бойы жол бойындағы қоқысты теріп, 21 наурыз күні түс ауа Астанаға жетті.

58 жастағы Толқын – қарапайым еңбек адамы. Аздап мал өсіріп, кейде қара жұмыс істеп отбасын асырап отырған ол осыдан 20 шақты жыл бұрын «Өзге елде сұлтан болғанша, өз еліңде ұлтан бол» дегендей, «Қазақстанға барып көше сыпырып, қоқыс терсем де жан бағамын» деген мақсатпен атажұртқа қоныс аударып, Зайсан өңіріне ірге көміпті.

– Шетелден саяхаттай келген туристер көрінісі көз сүріндіретін көрікті жерлерімізде шашылып жатқан қоқысты көргенде еріксіз бас шайқап, шашылып жатқан қоқысты жинап-тергенін талай көрдім. Қазақ халқы ежелден табиғатты сүйетін халық қой, десе де өзге елден саяхаттай келген сол шетелдіктердің бір көріп кетуге келген жеріндегі қоқысты тергені маған тазалықтың, экологиялық ортаның тазалығын сақтаудың адамзаттың ең асыл құндылығы екенін шындап түсіндірді, – дейді Толқын.

10 КҮНДЕ 10 ТОННА ҚОҚЫС ЖИНАДЫ

Толқын жол бойының қоқысқа толып, манат даламызда қоқыстың шашылып жатқанын намыс деп санайды.

– Бірде Зайсан ауданында жол жөндеу жұмысын істеп жүр едік, көліктен бір топ шетелдік келіп түсе қалды. Қайта-қайта фотоға түсіп, у-шу болғанынан-ақ біздің тұмса табиғатымызға тамсанып тұрғандары көрініп тұр. Алайда сол саяхатшылар жол жиегінде шашылып жатқан қоқысты көргенде, көңіл күйі күрт өзгеріп, бір-біріне бір нәрсені көрсетіп, түсінбегендей ишара жасай бастады. Сол сәт менің жүрегіме қатты тиді. Кең байтақ, сұлу даламыздың осындай бейқамдықтың салдарынан ластанып жатқаны намысыма тиді. Міне, дәл осы жағдай мені ойландырып, табиғатты тазарту ісіне өз үлесімді қосуға итермелеген негізгі себептің бірі болды, – дейді ол.

Толқынның өзі көлік жүргізе алмайтындықтан, бұл сапарда оған жұбайы Сетерхан серік болған. Ол бір жағынан көлік жүргізсе, екінші жағынан отағасының ас-суын дайындап, бар ауыртпалықты бірге көтерген. Массаж орталығында жұмыс істейтін Сетерхан үшін мұндай алыс сапар – үлкен сынақ.

«Ауыл ішінде ғана көлік жүргізгенім болмаса, мұндай ұзақ жолға шығып, көлік айдап үлкен қалаларға барып көрмеппін. Бірақ Семей сияқты ірі қалалардан өткенде, жол полициясы қызметкерлері жол бастап, қауіпсіз шығарып салып отырды» дейді ол.

Толқын мен Сетерханның бұл бастамасына Зайсан қаласының, Зайсан ауданының басшылары да қуатты қолдау көрсетіп, ауданнан салтанатты түрде шығарып салыпты.

«Зайсан ауданынан шыққанда тұрғындар қолдау көрсетіп, 12 шақырым жол бойынан бір газель қоқыс тердік. Ал одан бері қарайғы жолда терген қоқысты машинамыздың артына салып алып, қоқыс полигонына жеткізіп отырдық. Жол бойы бізге қолдау көрсетіп, 1-2 сағат қоқыс теріскен азаматтар да, жиналған қоқысты көлікке сыйғыза алмай жатқанда, көлігіне салып алып кеткен азаматтар да аз болған жоқ. Кейбір жолаушылар бізбен бірге бірнеше шақырым жүріп, қоқыс жинауға көмектесті, Әсіресе Өскемен қаласы әкімінің орынбасары «Сіздердің мұндай бастамаңыз – жастарға үлгі» деп бір топ жас еріктіні ертіп келіп, жарты күн жол бойынан қоқыс терісті» дейді Толқын өздеріне қолдау көрсеткен азаматтардың еңбегін емірене еске алып.

– Ауданнан шығарда 50 келілік 1000 қап алып шыққан едік. Сол қаптар Астанаға жеткенде таусылды, – дейді Толқын.

Осы тұста қарапайым бір есепке назар аударайық. Егер әр қапқа кемінде 10 келі қоқыс салынды десек, ерлі-зайыпты Толқын мен Сетерхан небәрі 11 күннің ішінде шамамен 10 тонна қоқыс жинаған болып шығады. Бұл – бір отбасының күшімен атқарылған орасан зор еңбек.

«ЕЛІМЕ МАСЫЛ БОЛҒЫМ КЕЛМЕЙДІ»

– Көлігіміз – 1996 жылғы ескі «Nissan». Біз тұратын Кеңсай ауылы мен Зайсанның арасы – шамамен 12 шақырым ғана. Көлігіміз кейде сол қысқа жолға да жетпей қалатын кездері болады. Бірақ осы жолы Алланың қолдауымен, халықтың тілегімен Астанаға дейін аман-есен жеттік. Жол бойы бірде-бір рет бұзылған жоқ. Тек жолда дөңгелегіміздің қисаңдап келе жатқанын көрген бір азаматтар техникалық қызмет көрсету станциясына (СТО) апарып жасатып берді, бізден бір тиын алған жоқ, – деді Сетерхан.

«Әрине, қиындықтар да болды. Кей күндері шаршап, әлсіреген сәттеріміз де кездесті. Қарлы боранда адасып кете жаздадық. Тіпті мына қылықтарың не, естерің дұрыс па деп келемеждегендер де болды» дейді олар.

Бізді айрықша тәнті еткені – Толқынның қайсар жігері мен еліне деген шынайы сүйіспеншілігі. Тосын жағдайға тап болып, 8 жерден мертіккен оның кезінде мүгедек ретінде тіркеліп, азын-аулақ тиын-тебен табуына да мүмкіндік болғанда, ол өзі бас тартыпты. «Мен бұл елден аламын деп келгенім жоқ, не бере аламын деп келдім. Мүгедекпін деп еліме масыл болғым келмейді деп алмадым» дейді. Бұл – нағыз азаматтық ұстаным, биік рух пен елге деген адалдықтың көрінісі. Бүгінгі қоғамда керісінше түрлі сылтау іздеп, «аурумын», «мүгедекпін» деп жеңіл жолмен пайда табуды көздейтіндер кездеседі. Ал Толқынның әрекеті – сол түсінікке мүлдем қарама-қарсы, нағыз еңбекқорлық пен жауапкершіліктің үлгісі.

– Әрине, біз бұл қадамға ат-атағымызды шығарайық деп немесе еріккеннен барған жоқпыз. Қоқыс тергенімізден жол бойы бірден тап-таза болып кетпейтіні белгілі. Біздің мақсат – халыққа үлгі көрсету, тазалыққа деген көзқарасты өзгерту, әр адамның жүрегіне табиғатты аялау сезімін ояту. Егер осы әрекетіміз арқылы бір адам болса да ойланса, бір адам болса да қоқысын жерге тастамаса – біз үшін ең үлкен жеңіс осы, – дейді Толқын.

АСТАНАДА СЕНБІЛІККЕ ҚАТЫСПАҚ

Көпке үлгі көрсетіп, «Таза Қазақстан» бастамасына үн қосқан ерлі-зайыптыны Астана қаласының жұртшылығы да үлкен құрметпен қарсы алды. Қазақ жосыны бойынша шапан жауып, құрмет көрсетті.

«Әділетті Қазақстан» республикалық ғылыми-инновациялық орталығының кеңесіндегі кездесуде аталмыш орталық директоры, қоғам қайраткері, философия ғылымдарының кандидаты Мағжан Садыханұлы ерлі-зайыптының бастамасын үлгі тұта отырып, «Туған жерді таза ұстау – парызымыз» тақырыбында жастарға экологиялық тәрбие беру мақсатындағы өз ойын ортаға салды. Президент бастамасына қолдау көрсетіп, туған елді таза ұстау жөніндегі патриоттық парызды терең түсінгені үшін ерлі-зайыпты еріктілер Толқын Мұратбай мен Сетерхан Қабдешқызын «Егемен ел патриоты» қоғамдық медалімен және I дәрежелі дипломмен марапаттады.

– Толқын мен Сетерханның сапары – көпке үлгі болатын тағылымды іс. Бұл – нағыз отаншылдықтың, елге деген жанашырлықтың айқын көрінісі, – деді оларды ауылдастары алдынан шығып қарсы алған білікті дәрігер, «Данамед» емдеу орталығының басшысы Жеңіс Қалиязымұлы.

Толқын Астанада бір күн көктемгі тазалық науқанына да қатысуды жоспарлап отыр.

– Елорда – еліміздің жүрегі. «Таза Қазақстан» аясындағы сапарымызды осында, көпшілікпен бірге тазалық жұмысына қатысып түйіндесек дейміз. Бұл – біз үшін үлкен мәртебе, – дейді ол.

P.S: ***«Біз, түптің түбінде, табиғаттың байлығына және күнделікті тұрмыс-тіршілігімізге немқұрайлы қарайтын жағымсыз әдеттен біржола арылуымыз қажет. Тазалықты сақтау және табиғатты аялау ұлттық болмысымыздың ажырамас бөлігіне айналуға тиіс. Өркениетті елдердің бәрі осыны ұстанады» деп Мемлекет басшысы айтқандай, Толқын мен Сетерханның бұл еңбегі – бір отбасының ғана жетістігі емес, бүкіл қоғамға ой салатын, әр азаматты жауапкершілікке шақыратын өнегелі іс. Табиғатты қорғау – әрқайсымыздың парызымыз, ал тазалық – ұлт мәдениетінің айнасы.***

№34-36 (4934) 28/03/2026 Сенбі

Мемлекеттік қызметті бақылау – мемлекеттік аппараттың тиімділігі мен ашықтығын қамтамасыз етудің негізгі тетігінің бірі. Бақылау ең алдымен мемлекеттік қызметшілердің заңнама талаптарын сақтауын, қызметтегі міндеттерін адал және сапалы орындауын қамтиды. Бұл бағытта уәкілетті орган тарапынан жүйелі мониторинг, тексерулер және талдау жұмысы жүргізіледі. Осыған орай мемлекеттік қызмет және оны өткеру туралы ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаментінің басшысы, Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы Ербол ЖОЛДАНҒАРДАН сұраған едік.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ – МӘРТЕБЕЛІ МІНДЕТ



– Ербол Қабдығалиұлы, мемлекеттік қызметті бақылаудағы негізгі мақсат неде?

– Бақылау алдын алу механизмі ретінде қарастырылады. Яғни заң бұзушылықтың алдын алу, қызметшілердің құқық сауатын арттыру және мемлекеттік қызмет мәдениетін дамыту басты назарда болады. Осы тұрғыда түсіндіру жұмыстары мен оқыту шаралары тұрақты түрде жүргізіледі. Бақылау шаралары ҚР Мемлекеттік қызмет туралы заңы және өзге де нормативтік-құқықтық актілер аясында жүзеге асырылады. Сонымен қатар мемлекеттік қызметшілердің қызметтегі тәртібі мен мінез-құлқына қатысты талаптар мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексі арқылы реттеледі. Бұл құжаттар мемлекеттік қызметтің бірыңғай стандартын қалыптастырады.

– Департамент мемлекеттік органдарға қандай жағдайда тексеру жүргізеді?

– Департамент мемлекеттік органдардың немесе лауазымды адамдардың ҚР мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасын бұзу, сондай-ақ қызметтегі әдепті сақтау мәселелері бойынша әрекеттері мен шешімдеріне жеке және заңды тұлғалардың, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілердің шағымын қарайды. Мемлекеттік органдарға бірнеше негіз бойынша тексеріс жүргізіледі: жеке және заңды тұлғалардың шағымдары арқылы; мемлекеттік органдардағы заң бұзушылық белгілеріне қатысты ақпарат негізінде; жылдық бақылау жоспарына сәйкес; жоғары тұрған органның тапсырмасы негізінде. Департаментке 2025 жылы барлығы 664 өтініш келіп түсті, қаралған өтініштер аясында жоспардан тыс 99 тексеру жүргізілді. 19 өтініштің негізінде мемлекеттік қызметшілердің құқығы қалпына келтірілді.

– Мемлекеттік органдарда жұмыс уақыты режимінің сақталуын бақылау жұмысы туралы айтып берсеңіз.

– Мемлекеттік қызметшілердің еңбек құқығын қорғау мен жұмыс уақыты тәртібін сақтау – мемлекеттік басқару жүйесінің жауапкершілігі мен сапасының көрсеткіші. Осы орайда мемлекеттік қызметшілердің еңбек тәртібін, оның ішінде жұмыс уақыты режимін сақтау мәселесі ерекше маңызға ие. Уақытты тиімді пайдалану – мемлекеттік аппараттың нәтижелі қызмет етуінің кепілі. Жұмыс уақытына қатысты нормалар ҚР Еңбек кодексі және мемлекеттік қызмет туралы заңнамамен нақты белгіленген. Атап айтқанда, жұмысқа кешігу, жұмыс орнында себепсіз болмау немесе жұмыс уақытын тиімсіз пайдалану тәртіптік жауапкершілікке әкеп соғады. Мұндай жағдайлар қызметтік тексерулер барысында анықталып, тиісті шаралар қабылданады. Сонымен қатар қазіргі таңда икемді жұмыс кестесі элементтері де қарастырылуда, алайда бұл қызметтік міндеттердің сапасына кері әсер етпеуі тиіс. Басшылар тарапынан жұмыс уақытын бақылау және қызметкерлердің еңбек тәртібін сақтауына жағдай жасау маңызды рөл атқарады. Жұмыс уақыты режимінің сақталуы бойынша мониторинг мемлекеттік органның қызмет жайына бару арқылы, сондай-ақ қашықтан мемлекеттік органдарда қолданыстағы бақылау және басқару жүйесі негізінде жүзеге асырылады. Бұл жүйе нақты жұмыс уақытының есебін жүргізуге және бұзушылықтарды автоматты түрде анықтауға мүмкіндік береді. Мәселен, 2025 жылы есептік кезең бойынша мониторинг нәтижесінде артық жұмыс жасаудың 476 фактісі анықталып, 476 мемлекеттік қызметшінің құқығы қалпына келтірілді. Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаменті тарапынан мемлекеттік органдарда жұмыс уақыты режимінің сақталуы бойынша тұрақты негізде мониторинг жүргізілуде.

– Мемлекеттік қызметшілердің әдеп нормаларын сақтау – қоғамның мемлекеттік аппаратқа деген сенімін қалыптастыратын маңызды фактор. Осы қызметтік әдеп нормалары туралы айтып өтсеңіз.

– Қызметтік әдеп – мемлекеттік қызметшінің қоғаммен және әріптестерімен қарым-қатынасындағы негізгі қағидалар жиынтығы. Әдеп нормаларына сыпайылық, бейтараптық, адалдық, заңдылықты сақтау жатады. Мемлекеттік қызметші кез келген жағдайда азаматтардың құқығы мен заңды мүддесін құрметтеуі тиіс. Әдеп талаптарын бұзу тек жеке қызметкердің емес, бүкіл мемлекеттік органның беделіне нұқсан келтіреді.

Мемлекеттік қызметшілердің әдеп нормаларын сақтау – қоғамның мемлекеттік аппаратқа деген сенімін қалыптастыратын маңызды фактор. Әдеп талаптары қызметшілердің тек жұмыс орнындағы ғана емес, сонымен қатар қоғамдық орындардағы мінез-құлқын да қамтиды. Бұл бағыттағы негізгі құжат – ҚР мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексі. Кодексте мемлекеттік қызметшілердің азаматтармен қарым-қатынасы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқы, қызметтік әдеп талаптары нақты көрсетілген. Әдеп нормаларын бұзу фактілері арнайы Әдеп жөніндегі кеңестерде қаралады.

Қызметтік әдеп сауаттылықты арттыруда әдеп жөніндегі уәкілдер маңызды рөл атқарады. Олар мемлекеттік қызметшілерге кеңес беріп, құқықтық және әдептік мәселелер бойынша түсіндіру жұмысын жүргізеді. Бұл жұмыстар заң бұзушылықтардың алдын алуға және қызметтік мәдениетті арттыруға бағытталған.

– Мемлекеттік қызметшілердің бұзылған құқығын қалпына келтіру қалай жүзеге асырылады?

– Мемлекеттік қызметшілердің құқығын қорғау – уәкілетті орган қызметінің негізгі бағытының бірі. Егер қызметші өз құқығының бұзылғанын анықтаса, ол жоғары тұрған органға немесе уәкілетті органға шағымдануға құқылы. Қызметтік даулар арнайы комиссияларда немесе сот тәртібімен қаралуы мүмкін. Әрбір өтініш заң талаптарына сәйкес жан-жақты зерттеледі. Тәжірибеде заңсыз атқарылған артық жұмыс, жұмыстан босату, тәртіптік жаза қолдану немесе қызметтік өсуге кедергі келтіру сияқты жағдайлар кездеседі. Мұндай жағдайларда қызметшінің құқығы қалпына келтіріліп, кінәлі тұлғаларға қатысты шаралар қабылданады. Бұл мемлекеттік қызметтің әділдігін қамтамасыз етеді. Мәселен, 2025 жылғы есептік кезең бойынша Астана қаласындағы жергілікті атқарушы органдар мен орталық мемлекеттік органдардың аумақтық департаменттерінде жалпы саны 495 мемлекеттік қызметшінің құқығы қалпына келтірілді.

– Сұхбат соңында мемлекеттік қызметшілерге қандай кеңес берер едіңіз?

– Мемлекеттік қызмет тек жұмыс емес, бұл – елге қызмет ету, халық алдындағы үлкен жауапкершілік. Әрбір мемлекеттік қызметші өз міндетіне адал қарап, заң талаптарын қатаң сақтауы тиіс. Себебі мемлекетке деген сенім ең алдымен мемлекеттік қызметшілердің іс-әрекеті арқылы қалыптасады. Осы ретте ҚР Мемлекеттік қызмет туралы заңы мен мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексі талаптарын басшылыққа алу – әрбір қызметшінің кәсіби борышы. Әдеп, тәртіп, жауапкершілік және ашықтық қағидаттары мемлекеттік қызметтің негізгі тірегі болып қала береді. Барша мемлекеттік қызметшілерді өз білігін арттыруға, халықпен тиімді әрі сыпайы қарым-қатынас орнатуға және заңдылықты сақтауға шақырамын. Әрбіріңіз әдепті, кәсіби және әділ болсаңыздар, мемлекеттік қызметтің беделі артып, қоғам сенімі нығая түседі.

Сұхбаттасқан
Райхан РАХМЕТОВА

ПЕДАГОГ ҚҰҚЫҒЫ САРАЛАНДЫ

Елордадағы Н.Төреқұлов атындағы №35 мектеп-лицейде білім беру ұйымдарының мамандарына арналған «Педагогтың құқығы мен жауапкершілігі» тақырыбында семинар-тренинг өтті. Іс-шараға 150-ден аса педагог қатысты.

Тренингтің басты мақсаты – балабақша педагогтарының құқықтық сауатын арттыру, кәсіби қызмет барысында өз құқығын қорғауды меңгерту және жауапкершілік мәдениетін қалыптастыру.

Жиында қалалық Балаларға қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы басшысының орынбасары Нұрсұлтан Қайроллаев сөз сөйлеп, «Заң мен тәртіп» қағидаты аясындағы іс-шараның маңызына тоқталды.

«Мұғалімнің құқығы – тек заңдық норма емес, білім беру сапасының кепілі. Педагог өз құқығын жетік білгенде ғана шәкірт бойында заңға бағынушылық пен жауапкершілік қасиеттерін нық қалыптастыра алады. Біздің мақсатымыз – әрбір маманның құқықтық қауіпсіздігін қамтамасыз ету» деп атап өтті ол.



Семинар барысында тәжірибелі педагог-психологтар арнайы тренингтер өткізсе, қатысушылар «3 маңызды ой» әдісі арқылы алған білімін саралап, ой-пікірін ортаға салды.

ОНЛАЙН-САУДА ЗИЯНЫН ТИГІЗБЕСІН!

Елімізде жүргізіліп жатқан реформалар аясында қоршаған ортаны қорғау және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесіне ерекше мән берілуде. Жаңа Конституцияда қоғамның басты сұранысының бірі – адам өмірі мен денсаулығына қолайлы орта қалыптастыру, табиғатқа жанашырлықпен қарауды іргелі қағидат ретінде орнықтыру.

Аталған ұстаным экологиялық қауіпсіздікті мемлекеттің стратегиялық басымдығы ретінде айқындап, табиғатты қорғау ісін жаңа деңгейде жүйелі жаңғыртуға мүмкіндік береді. Осы бағытта Мемлекет басшысы бастамашылық еткен «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бастамасы қоғамда экология мәдениетін қалыптастыруға және табиғатты аялау жауапкершілігін арттыруға бағытталған маңызды бастамаға айналды. Оны іске асыруда Amanat партиясы экологиялық жауапкершілікті арттыруға бағытталған жүйелі жұмыс жүргізіп отыр.

Соңғы жылдары электрондық сауда экономиканың маңызды сегментіне айналып, онлайн-платформалар арқылы сауда жасау кең тарады. Сауда және интеграция министрлігінің мәліметіне сәйкес, 2025 жылы электрондық саудаға қатысты 18237 өтініш тіркеліп, бұл сала тұтынушылық қатынастардың маңызды бөлігіне айналғанын көрсетеді. Онлайн-сауданың кеңеюі бір жағынан халыққа қолайлы болса, екінші жағынан экологиялық мәселелерді де алға шығарып отыр. Оған бірнеше себеп бар. Біріншіден, тауарды зақымдамай жеткізу үшін пластик, пленка, картон секілді көптеген «шығын материалдары» қолданылады. Жеткізілгеннен кейін олардың басым бөлігі қоқысқа тасталады. Нәтижесінде тұрмыстық қатты қалдықтар құрамындағы қаптама үлесі артып, полигондарға түсетін жүктеме жылдан-жылға көбейіп келеді. Екіншіден, жеткізу процесі көптеген көлік тасымалын талап етеді. Әлемдік зерттеулерге сәйкес, жүк пен тауар тасымалы кезінде көмірқышқыл газының бөлінуі шамамен 24 пайызды құрайды, оның ішінде негізгі үлес жеңіл және жүк көліктеріне тиесілі. Сонымен қатар елімізде жыл сайын 4,5-5 миллион тоннадан астам коммуналдық қалдық түзіледі, ал қалдықтарды қайта өңдеу деңгейі 2025 жылы шамамен 28 пайызды ғана құрады. Бірқатар өңірде мәселенің күрделене түсуі сұрыптау инфрақұрылымының жеткіліксіздігімен және бизнестің қаптама көлемін азайтуға немесе қайта пайдаланатын ыдыс жүйесін дамытуға экономикалық ынталандырудың әлсіздігімен байланысты.

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, маркетплейстерде жеткізудің соңғы кезеңінде электр көліктерін пайдалану көміртегі бөлінуі азайтуға тиімді болып отыр. Мысалы, бірқатар елде маркетплейстер қаптамаларды өздері қайта өңдеп, қайта пайдаланатын орау жүйесін енгізу арқылы экологиялық жауапкершілікті күшейтіп келеді. Ал елімізде мұндай тәжірибе әлі де кеңінен енгізуді қажет етеді. Сондықтан электрондық сауданың дамуы экологиялық жауапкершілікпен қатар жүруі тиіс. Табиғатты қорғау – тек мемлекеттің ғана емес, бизнес пен қоғамның да ортақ міндеті. Осыған байланысты электрондық сауда саласының қарқынды дамуын ескере отырып, экологиялық



жүктемені азайту және қалдықтарды тиімді басқару мақсатында мынадай нақты ұсыныстарды қарастыруды ұсынамыз:

Біріншіден, электрондық саудада қолданылатын бір реттік қаптаманы қысқарту бойынша нақты нормативтік талаптар енгізіп, қайта пайдаланылатын әрі экологиялық қауіпсіз қаптама үлесін кезең-кезеңімен арттыру.

Екіншіден, ірі онлайн-платформалар мен жеткізу компаниялары үшін қаптама қалдықтарын жинау және қайта өңдеу бойынша кеңейтілген экологиялық жауапкершілік механизмін енгізу.

Үшіншіден, ірі қалаларда қайтарымды контейнерлер, жәшіктер және көп рет қолданатын қаптама жүйесін енгізуге арналған қанатқақты жобаларды іске қосу.

Төртіншіден, қалдықтарды сұрыптау және қайта өңдеу инфрақұрылымын дамыту мақсатында өңірлерде заманауи сұрыптау кешендерін көбейтіп, осы салаға инвестиция тарту үшін экономикалық ынталандыру шараларын күшейту.

Мархабат ЖАЙЫМБЕТОВ,
Мәжіліс депутаты

№34-36 (4934) 28/03/2026 Сенбі

ЖАҢАРУ МЕРЕКЕСІ

Елордада Наурыз мейрамына арналған ауқымды іс-шаралар қаланың барлық негізгі алаңдарында өтті. Атап айтқанда, қала әкімдігі алдындағы алаңда, «Қазақ елі» монументі маңында, «Астана Арена» стадионының автотұрағында, «Ататүрік» паркінде, Astana Music Hall автотұрағында және EXPO аумағында мерекелік іс-шаралар ұйымдастырылды.



Негізгі алаңдарда ұлттық тағамдар мен қолөнер бұйымдары ұсынылатын фуд-корттар мен жәрмеңкелер жұмыс істеді, шеберлік сағаттары көрсетілді. Спорт әуесқойлары үшін қазақша күрес, садақ ату, гір спорты, қол күресі, асық ату бойынша жарыстар өткізіліп, жеңімпаздарға бағалы сыйлықтар табысталды.

Дәстүрлі ойын-сауықтармен қатар, биыл елорда тұрғындары мен қонақтары алғаш рет роботтар мен жасанды интеллект элементтері бар ерекше интерактивті аймақтарды тамашалады. Қонақтар цифрлық іс-шараларға қатысып, инновациялардың ұлттық дәстүрлермен қалай үйлесетінін көрді.

Есіл ауданында тұрғындар мен қала қонақтары EXPO аумағында арнайы заманауи цифрлық технологияларды қолдана отырып безендірілген киіз үй жұмыс істеді. EXPO аумағы ұлттық этно-стильде шағын сәулеттік формалармен – тайқазан, аркалар, шаңырақ, қобыз бейнесіндегі шатырлар және қазақ мәдениетінің басқа да элементтерімен көркемделген.

EXPO халықаралық көрме орталығы аумағында орналасқан «Заң мен тәртіп» тақырыбындағы киіз үйі іс-шаралардың негізгі орталықтарының біріне айналды. Бағдарлама құқықбұзушылықтың алдын алу, киберқауіпсіздік және салауатты өмір салтын насихаттау бағыттарын қамтиды.

Келушілер үшін QR-код арқылы қолжетімді оқу материалдары бар кибергигиена бойынша тестілеу, киберқауіпсіздік пен нашақорлықтың алдын алу тақырыптарында дәрістер, қазақ және орыс тілдерінде Kahoot викториналары ұйымдастырылған. Сонымен қатар заманауи технологиялар көрсетіліп, робот-ит пен полиция дроны таныстырылды.

Сондай-ақ жүздеген қала тұрғынының қолымен жасалған «Ұлы дала аруы» арт-инсталляциясы ұсынылды. Жобаның авторы – шебер Рахима Берген. Ол 3250 шаршыдан жасалып, Қазақстанның барлық өңірін білдіретін 17 күн шапағын құрады. Әр элемент жеке шаңырақты бейнеледі. Жоба әкімдіктің қолдауымен жүзеге асып, тек фотоаймақ қана емес, дәстүр мен шығармашылық арқылы адамдарды біріктіретін ерекше кеңістікке айналды.

Басты сахнада қазақстандық эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерттік бағдарлама өткізілді.









«НАУРЫЗ БАЗАРЫ» ЖӘРМЕҢКЕСІ

EXPO халықаралық көрме орталығында отандық өндірушілердің қатысуымен «Наурыз базары» азық-түлік жәрмеңкесі өтті. Мұнда «Алтын сапа» сыйлығының қатысушылары мен жеңімпаздарын қоса алғанда, отандық өндірушілердің өнімдері ұсынылды.



Жәрмеңкеге Қазақстанның 50 өндірушісі қатысты. Келушілер табиғи өнімдерді сатып алып, жергілікті брендтермен танысып, отандық өндірісті қолдай алады. Ашық аспан астындағы фудкорттар көшесі ерекше назар аудартады. Мұнда қала тұрғындары мен қонақтары ұлттық тағамдардан дәм татып, мерекелік атмосфераны толық сезіне алады. Сондай-ақ мұнда Наурыз көжеге арналған үлкен қазан орнатылған. Жанында түрлі тағамдар ұсынылатын гастрономиялық павильондар орналасқан: дәмді қуырдақ, хош иісті ыстық бауырсақ, тойымды палау және жаңа піскен самса.

Мерекелік көңіл күй, дәмнің алуан түрлілігі мен кең дастарқан бұл гастрономиялық аймақты елордадағы Наурыз мейрамының басты тартымды орындарының біріне айналдырды.

Орталық залда «Жеті қазына» экспозициясы, қызғалдақ көрмесі және Nauryz Kitap Fair кітап жәрмеңкесі ашылды.

Нұра ауданында бұқаралық іс-шаралар «Астана Арена» стадионы маңында өтті. Мұнда Digital Nauryz тақырыбындағы алты киіз үй орнатылды. Балалар мен ересектерге арналған аттракциондар мен ұлттық нақыштағы фотоаймақтар қарастырылды.

Жасанды интеллект көмегімен ұлттық киімдерді «киіп көру» мүмкіндігі ұсынылып, Face Space алаңында тұрғындар естелік суреттер жасады. Сонымен қатар жергілікті кәсіпкерлер мен қолөнершілердің өнімдері ұсынылатын жәрмеңке аймақтары жұмыс істеп, қазақстандық эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерттер өтті.

22 наурыз күні бағдарлама сөйлеу мен интеллект дамуын анықтауға арналған диагностика және Наурыз тақырыбындағы интерактивті голограммамен толықтырылды.

Сол күні «Жағалау» сквері де осындай мерекелік бағдарлама өтіп, онда жәрмеңке, киіз үйлер, музыкалық бағдарлама және спорттық іс-шаралар ұйымдастырылды.

Сарайшық ауданында «Қазақ елі» алаңында концерттік бағдарлама өткізілді. Мұнда қонақтар түйелі керуенді тамашалап, қазақ дәстүрімен танысып, фотосуретке түсіп, демалыс аймақтарында уақыт өткізді. Сондай-ақ гуманоид робот пен робот-ит көрсетілді. «Қазақ елі» алаңында қошқар көтеру ұлттық ойына да ерекше әсер қалдырды.





№34-36 (4934) 28/03/2026 Сенбі



САЛТАНАТТЫ КОНЦЕРТ

Астанадағы EXPO көрме орталығы алаңында Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесіне арналған ауқымды салтанатты концерт өтті. Мерекелік іс-шараға еліміздің жоғары лауазымды тұлғалары қатысып, жұртшылықпен бірге әз-Наурыздың шаттығын бөлісті. Ұлттық құндылықтарды ұлықтаған кешке қала тұрғындары мен қонақтар көптеп жиналып, мерекелік көңіл-күйге бөленді.

Іс-шараға Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаев, Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошанов және Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек арнайы қатысты.

Концерт барысында қазақтың дәстүрлі өнері мен заманауи мәдениеті үйлесім тапқан мазмұнды бағдарлама ұсынылды. Сахна төрінде белгілі өнерпаздар ән шырқап, би ұжымдары ұлттық нақыштағы қойылымдарын көрермен назарына ұсынды. Сондай-ақ мерекелік кеш аясында ұлттық салт-дәстүрлер дәріптеліп, этно-мәдени көріністер көрсетілді.

Көрермендер мерекелік концерттен ерекше әсер алып, Наурыздың шынайы рухын сезінді. Ұлыстың ұлы күніне арналған бұл шара елорданың мәдени өміріндегі маңызды оқиғалардың біріне айналды.





ДӘСТҮР МЕН ТЕХНОЛОГИЯ ТОҒЫСЫ

Байқоңыр ауданында негізгі мерекелік орын – «Ататүрік» паркі. Мұнда «Digital-Наурыз» интерактивті аймағы жұмыс істеді. Қонақтар жасанды интеллект көмегімен ұлттық киімдегі цифрлық портрет жасап, оны QR-код арқылы жүктеді.

Келушілерді «Наурызай» және «Наурызбек» атты жасанды интеллект кейіпкерлері қарсы алып, мереке дәстүрлері мен бағдарлама туралы ақпарат берді. Сондай-ақ «Берекелі асхана» және «Дәм мен дәстүр» этно-киіз үйлерінде ұлттық тағамдар ұсынылды.


Байқоңыр ауданындағы Өндіріс тұрғын алабында ашық аспан астында концерт өтті.

Алматы ауданында Astana Music Hall маңы, «Жерұйық» паркі және Теміржолшылар тұрғын алабындағы Маяковский сквері негізгі мерекелік орындарға айналды.

Мұнда Digital Nauryz цифрлық аватары бар киіз үй жұмыс істеді. Бұл виртуалды кейіпкер келушілердің Наурыз дәстүрлері туралы сұрақтарына жауап берді. Сондай-ақ келушілер виртуалды технологиялар арқылы ұлттық мерекенің атмосферасын сезінді.

Киіз үйлердің бірінде Face of Nauryz жобасы ұсынылған. Бұл жасанды интеллект көмегімен келушінің бейнесін ұлттық стильдегі көркем образға айналдырып, бірегей цифрлық суреттер жасады.

Сонымен қатар робот техникасы қолданылған интерактивті ойын аймағы орнатылып, мұнда асық ату ойыны заманауи форматта ұсынылды.





ЖАСТАР ШАҢЫРАҚ КӨТЕРДІ

Астанада Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамы аясында Байқоңыр ауданындағы Ататүрік саябағында ерекше іс-шара өтті. Көктемнің жаңаруымен астасқан мереке күні 5 жас жұптың некесі қиылды.

Махаббат пен адалдықтың символына айналған салтанатты шара көпшілік алдында, ұлттық дәстүрлермен үйлестіріле отырып ұйымдастырылды. Жас жұбайларға ақ жаулықты аналар тілектерін айтып, жиналған қауым ізгі ниеттерін жеткізді.

Салтанатты рәсім мерекелік концертпен қатар өтіп, ұлттық әуендер мен көтеріңкі көңіл-күй ерекше атмосфера қалыптастырды. Бұл іс-шара Наурыз мейрамының мән-маңызын арттырып, жаңа отбасылар үшін берекелі бастаманың жарқын белгісіне айналды.







ДРОН-ШОУ ЖАРҚЫЛЫ

Елордадағы «Қазақ елі» алаңында өткен ауқымды дрон-шоу түнгі аспанды жарқырата түсті.

Қала тұрғындары мен қонақтары қазақтың дәстүрлі мұрасын бейнелейтін жарқын композицияларын тамашалады. Аспанда киіз үй, тайқазан, шұбат құйылған тостаған, түйелі керуен және асық бейнелері көрініс тапты. Бұл образдар көшпелі мәдениетті, берекебірлікті, күш-қуат пен ұлттық болмысты білдіреді.

Сондай-ақ аспанда көктемнің келуі мен табиғаттың жаңаруын айшықтайтын үш өлшемді қызғалдақ бейнесі пайда болды. Күн мен айдың көріністері күн мен түннің теңелгенін меңзейді.

Шоудың соңында «Наурыз құтты болсын!» деген жазу көрініс тапты.

№34-36 (4934) 28/03/2026 Сенбі



БАҒАЛАЙ БІЛСЕҢ ЖЫЛҚЫҢДЫ, МҮМКІНДІК ЖАТЫР МЫҢ ТҮРЛІ

> «Тегіміз – түркі, түлігіміз – жылқы» деп, арғымақты айрықша қадірлеген елміз. Себебі жылқы – біздің күнделікті тіршілігіміздің тірегі, жүгімізді артқан көлігіміз ғана емес, жан серігіміз, еркіндігіміздің символы болды. Дала төсінде өткен әрбір көш, әрбір жорық, әрбір жеңіс пен жеңіліс тұлпардың тұяғымен таңбаланып, тұтас тарихымыз жылқының жалында, атанның қомында жазылды. Қазіргі таңда заман өзгеріп, аттың орнын автокөлік басқанымен, қазақ баласының жылқыға деген құрметі мен ықыласы жоғалған жоқ. Дей тұрғанмен, жылқы шаруашылығын дамыту, оған мемлекеттік деңгейде көңіл бөлу туралы сөз қозғасақ, біраз мәселені қаузауға тура келеді.

> Жылқы – біздің ұлттық идеологиямыздың темірқазығы. Елтаңбамызда да қанатты пырақтың суреті тұр. Сондықтан да жылқы мәселесі мемлекеттің бірінші стратегиялық бағыттағы шаруашылығы болуы керек

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Тарихқа көз жүгіртсек, 1913 жылы қазақ даласында 5 миллионға жуық жылқы болса, 1928 жылғы санақта 4,5 миллион болған. Ал 1990 жылы елімізде 1 млн 626 мың жылқы тіркелсе, 90-жылдардан кейінгі экономикалық дағдарыс салдарынан бұл көрсеткіш күрт төмендеп, 2000 жылы еліміздегі жылқы саны 900 мыңға дейін азайған еді. Дегенмен, «Орнында бар оңалар» дегендей, елдегі барлық саланың біртіндеп өркендеуіне байланысты жылқы шаруашылығы да біртіндеп түлежіп, бүгінгі таңда елдегі қыл құйрықтының саны 4,5 миллионнан асып, еліміз жылқы саны жағынан әлемдегі алдыңғы ондықтың ішіне орнықты. Бірақ әлемдік деңгей тұрғысынан алып айтсақ, өткен 30 жылда жылқының саны өскенімен, сапасы өскен жоқ. Керісінше, қазақ даласында қалыптасқан кейбір жылқы тұқымдары құрып кетуге шақ қалды. Елдегі жылқының 40 мыңы ғана асыл тұқымды екенін ескерсек, бұл өз кезегінде саладағы селекциялық жұмыстардың әлсіздігін және асылдандыру ісіне жеткілікті көңіл бөлінбей отырғанын аңғартады.

«Жігітте де жігіт бар, азаматы бір бөлек, жылқыда да жылқы бар, қазанаты бір бөлек» дегендей, Қазақстанда жылқының бірнеше түрі бар. Оның ішінде қазақпен бірге жасап келе жатқан алтай мінсең арымайтын жабының орны ерекше. Кейін оған Қостанай, Көшім және Мұғалжар тұқымдары қосылды. Адай жылқысы да ресми түрде бөлек тұқым ретінде тіркелді. Осыдан 2 жыл бұрын қазақ жылқысының тұқымын сақтау және көбейту үшін арнайы заң да қабылданды. Мемлекет басшысы, Үкіметке жылқы шаруашылығы институтын құруды да тапсырды. Бірақ бұл бастамалардың нақты нәтижесі әлі де күтілуде. Заң қабылданып, тапсырмалар берілгенімен, оларды жүйелі түрде іске асыру жағы әлі де ақсап тұрғандай. Ғылыми негізделген селекциялық жұмыстар жеткілікті деңгейде жүргізілмей, өңірлердегі асыл тұқымды шаруашылықтардың мүмкіндігі толық пайдаланылмай келеді. Соның салдарынан жергілікті тұқымдардың табиғи қасиеттері әлсіреп, сапалық көрсеткіштері жыл сайын төмендеу үстінде. Жаңа тұқымдарды дамыту мен жетілдіру ісі де бірізді жолға қойылмаған. Сондықтан, жылқы шаруашылығын дамыту бағытындағы бастамалар қағаз жүзінде қалмай, нақты іске айналуы үшін ғылым, өндіріс және мемлекеттік қолдау өзара үйлесім табуы қажет болып отыр.

Жылқыны қолға үйреткен еліміз, жылқының отанымыз деп мақтанғанымызбен, осы мәртебемізге сай келетін нақты істер әлі де жеткіліксіз. Соның бір дәлелі – елімізде қымыз шаруашылығының тиісті деңгейде дамымауы. Бүгінде жаз мезгілінде ғана аздап бие сауылатыны болмаса, қымыз өндірісі маусымдық сипаттан аса алмай отыр. Төрт маусым бойы қымыз өндіретін ірі зауыттар мен жүйелі өндіріс жоқ. Тіпті қымызды емдік мақсатта пайдалануда да біз Башқұртстан деңгейіне жете алмай келеміз. Ол жақта қымызбен емдеу ісі дамып, арнайы фермалар жыл бойы жұмыс істейді. Ал бізде мұндай жүйе әлі толық қалыптаспаған.

Ботай, Берел сияқты тарихымыз бен жылқы түлігінің тарихынан сыр шертетін әйгілі тарихи орындар болғанымен, сол тарихи мекендерге келген туристерге қымыз ішіп, жылқы өнімдерін (қазы-қарта) татып көруге толық жағдай жасалмаған. Бұл – ұлттық құндылықты туризммен ұштастырудағы үлкен олқылық.

– Жылқы – біздің ұлттық идеологиямыздың темірқазығы. Елтаңбамызда да қанатты пырақтың суреті тұр. Сондықтан да жылқы мәселесі мемлекеттің бірінші стратегиялық бағыттағы шаруашылығы болуы керек. Менің бір көңілім толмайтыны – Қазақстанда қымыз өте аз әрі қымбат. Ол қарапайым халыққа қолжетімді болуы керек еді. Жаздың өзінде литрін мыңнеше теңгеден сатып алып, қымыз ішуге екінің бірінің жағдайы келе бермейді. Ал біздің халық күнде қымыз ішуі керек. Неге дейсіз ғой, Қазақстанның экологиялық жағдайы күрделі. Семей полигонында жүздеген жарылыс жасалды, Капустин Яр аймағында да көптеген сынақтар өтті. Оның зардабын халық әлі күнге дейін тартып отыр. Жалпы еліміздің әр өңірінде өндіріс қалдықтары көбейіп, жеріміз ластанды. Соның салдарынан халық денсаулығы да нашарлап барады. Осындай жағдайда халықты сауықтыратын табиғи өнімдердің бірі – қымыз. Қымыз және басқа да ағарған сусындар денсаулыққа өте пайдалы. Сондықтан қымыз шаруашылығын дамыту – аса маңызды мәселе. Башқұртстанда қымыз фермалары жақсы дамыған, қымыз халыққа қолжетімді. Бізде де бие сауатын фермерлерге мемлекет тарапынан субсидия мен қолдау көрсетілуі керек. Бұл салаға көмекті аямауымыз қажет. Қымыз өндірісін дамыту – тек ауыл шаруашылығының ғана емес, ұлттық денсаулық, экономика және туризм салаларының да стратегиялық бағыты болуы тиіс, – деді тарихшы, этнолог, тарих ғылымдарының докторы Ахмет Тоқтабай.

Ахмет Тоқтабай қазақтың бұрынғы ұлттық жылқы тұқымдарын қайта қалпына келтіру мәселесін де жиі айтып жүр. «Ол үшін, – дейді ғалым, бізге бұрынғы мемлекеттік жылқы зауыттары сияқты арнайы ұлттық жылқы зауыты қажет. Сондай-ақ ол мемлекет қарауында болып, тұрақты түрде қаржыландырылып, қолдау көруі тиіс. Сонда ғана біз қазақтың тарихи жылқы тұқымдарын қайта жаңғырта аламыз. Мұндай іспен жеке фермерлер толық айналыса алмайды. Себебі олар үшін ең алдымен тез пайда табу маңызды. Ал асыл тұқымды жылқы өсіру – ұзақ жылдарға созылатын селекциялық жұмыс. Бір тұқымды қайта қалыптастыру үшін кемінде жиырма жыл уақыт қажет. Мұнымен кәсіби мамандар айналыспаса, пайда көздеген фермерлер айналыса қоймайды».

Тағы бір ескеретін түйін – қазір елімізде атты әскер бағытына жеткілікті көңіл бөлінбей отыр. «Жылқының отаны» болғанымызбен, салтанатты қарсы алуларда бірде-бір рет атты жасақтармен қарсы алып көргеміз жоқ. Тарихи тұрғыдан қарасақ, Абылай хан заманында құрметті қонақтарды қарсы алатын арнайы атты жасақтар болған. Олар жылқының түсіне қарай әртүрлі киініп, ерекше сән-салтанатпен құрметті қонақтардың алдынан шығатын.

– Бізге де осындай ұлттық сипаттағы салтанатты эскадрон қажет. Мысалы, мен жақында Ташкентке барып келдім. Сол жерде атты жасақтардың парадын көріп, таң қалдым. Өзбекстанның жылқы мәдениеті бізден төмен болғанымен, олар бұл бағытты жақсы дамытып жатыр. Моңғолияда да бұл іс жақсы жолға қойылған. Сондықтан біз де бұл істі қайта қолға алуымыз керек, – деді Ахмет Тоқтабай.

Елімізде жылқыға қатысты бірде-бір музей жоқ. Жылқы түлігін көп зерттеген, жылқы туралы бірнеше кітап шығарған Ахмет Тоқтабай осыдан 25 жыл бұрын жылқы музейінің жобасын, экспозициялық жоспарын толық дайындап, құзырлы орындарға ұсынған, бірақ ол да ескерусіз қалыпты. БАҚ беттеріндегі деректерге сүйенсек, дүние жүзінің 37 елінде жылқы музейлері жұмыс істейді. Ал жылқы қолға үйретілген Қазақстанда жылқы музейінің болмауы ұлттық мұрамызға деген немқұрайдылықтың айқын көрінісі емей немене?!

Жылқы – тек ұлттық мұра ғана емес, бүгінгі таңда әлемдік экономикада да өзіндік орны бар стратегиялық ресурс. Көптеген елдерде асыл тұқымды жылқыларды өсіру, сату және экспорттау арқылы үлкен табыс көздері қалыптасқан. Сонымен қатар ат спорты – халықаралық деңгейдегі беделді индустрияға айналып, бәйге, конкур, көкпар, поло сияқты жарыстар арқылы ел имиджін көтерудің маңызды құралы болып отыр. Туризм саласында да жылқының рөлі ерекше: этноауылдар, атпен серуендеу бағыттары, қымызбен емдеу кешендері шетелдік туристерді тартудың тиімді тәсіліне айналған. Каберхан сияқты тұлпарларымыз халықаралық аренада топ жарып, қазақ жылқысының әлеуетін дәлелдеп үлгерді.

АҚКӨЛ – ТУРИЗМГЕ ЛАЙЫҚТЫ ӨҢІР

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев туризм туралы бір айтқанында Ақмола облысындағы танымал туризм орталықтары Бурабай мен Зерендінің т.б. қатарына елордадан онша қашық емес Ақкөл ауданын да қосып еді.

Меніңше, бұл – өте дұрыс ой. Турист барған жерінде әсем табиғатты көріп, жақсы демалғысы келеді. Осындай жерлер Ақкөл өңірінде де мол, мүмкіншіліктер де бар. Бурабайдың қалың орманының басы осы ауданнан басталады. Ауданның Еңбек ауылынан басталған аралас қарағай, қайың, терек т.б. ағаштар үздіксіз сол әсем Бурабайға дейін жалғасады. Орманмен қоса жергілікті өзен-көлдер де жеткілікті. Біразы зерттеуді қажет етеді. Азат (бұрынғы Ивановский) ауылынан Степногорск бағытына шыққанда тұзды көл бар. Мүмкін бұл көлдің құрамында денсаулыққа пайдалы элементтер бар шығар. Мұны неге зерттеп, медициналық туризмге айналдырмасқа? Мен білетін Талқара өзенінің бойы Өрнек ауылының сыртынан басталып сонау Колутон өзеніне құяды, шамамен жүз шақырымнан асатын шығар. Бұл өзен ауданның Өрнек, Радовка, Талқара, Амангелді, Урюпинка, Ерофеевка ауылдарын басып өтеді. Осылардың кейбіреулеріне өзімің көзқарасымды білдірсем, мысалы, Талқара ауылының маңында үлкен су қоймасы бар. Оның екі жағында да орманды алқап, Амангелді ауылының өзенінің арғы бетінде қалың қарағайлы орман жанынан жарқырап, Талқара өзені ағып жатыр, осындай табиғат Урюпинка өңірінде де. Көп болмаса да тарихи орындарда кездессе де Өрнек ауылының сыртында Құндыз апай тауы, Кеңес ауылына тақағанда 1916 жылдың көтерілісі болған Домбыралы тауы, Амангелді ауылынан алты шақырымдай жерде белгілі жазушы-шежіреші Жайық Бектұровтың кіндік қаны тамған жер, Урюпинка елді мекеніне тақағанда Абылайханның тұсындағы Қазы батырдың сарбаздарымен жерленген жері бар.

Аудан туризммен айналыспайды деп айта алмаймын. Алғашқы қадамдар бар. Ақкөл орман шаруашылығы елді мекенінің жанынан демалыс үйі ашылыпты. Талқара ауылының жанында өзеннің бойында Өмірбаевтар кішкене үйлер салып, жазғы демалыстарды ұйымдастыруда деп естимін. Ертеден келе жатқан Амангелді ауылынан шығысқа қарай Шоқтас немесе Өкіншік дейтін жерде табиғаты әсем жер бар. Бұған да жазда демалушылар көп келетін көрінеді. Одан бері Қойсоғым деген жерде Амангелді ауылының азаматы Серік Ибраев демалыс орнын ұйымдастырыпты. Осы ауылдың іргесінде шоқ қарағайдың түбінен Медет Көсембаев кішкене үй салып, сақ моншасын ашыпты. Әрине, бұлар біріншіден, аз, екіншіден, үлкен туризм орталықтарын ашу қажет. Осындай орындар көптеп ашылса, ауыл тұрғындарына жұмыс болып, халық үдере көшпес еді. Бұрын Амангелді ауылында алпыс шақты үй болса, бүгінде ол екі есе азайыпты. Оннан артық үйлер бос тұр. Осы үйлерді пайдаланып, қысқы туризмді де ұйымдастыруға болады. Ауылда сыртқы электр жарығы бар, орталықтанған су жүйесі жүргізілді. Ақкөл қаласынан ауылға дейінгі жол жақсы. Тек қана Ақкөл – Журавлевка тас жолынан ауылға дейінгі екіүш шақырым жолды жөндеп, көпірді түзесе қатынас тіпті жақсарар еді. Осындай орындар ауданның басқа елді мекендерінде бар. Тек осыған Туризм министрлігі мен облыс әкімдігі жол картасын жасап қолға алса, Ақкөл өңірі тамаша туризм орталығына айналар еді. Солай болар деп үміттенемін.

Еркін ДӘУЕШҰЛЫ,
Ақкөл ауданының құрметті азаматы, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

Тілектес МЕЙРАМОВ:

ҚАЗІРГІ ТЕАТР ҚҰЛАҚ ПЕН КӨЗГЕ АРНАЛҒАН, ЖҮРЕКТЕН ӨТПЕЙДІ...



27 наурыз – Халықаралық театр күні. Осы орайда сахнаға 55 жылдық ғұмырын арнап, тұтас бір дәуірдің куәсі болған Қ.Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театрының актері, Қазақстанның халық әртісі Тілектес МЕЙРАМОВПЕН қазақ театрының кешегісі мен бүгіні, өнердің миссиясы және актер тағдыры туралы әңгімелестік.

– Аға, бүгінгі театрлардың деңгейін қалай бағалайсыз? Сіздердің кезеңдеріңізбен салыстырғанда не өзгерді?

– Мен қазір сағынып еске алатыным – сол дәурен. Өйткені тарихтан да білесіз, ол заман Әуезов театрының алтын ғасыры деп аталады. Шартты түрде 1964-1965 жылдардан бастап 1995 жылдарға дейінгі 30 жылдан астам уақытты қамтыды. Сол кезеңде небір туындылар дүниеге келді. Тек Қазақстанды емес, бүкіл Одақты шулатқан спектакльдер болды. Мен қазір сол кезді сағынамын. Сол спектакльдерді сағынамын. Қазіргі бір күндік, екі күндік уақытша дүниелерді көргенде, шынымды айтсам, қарным ашады... Мысалы, «Ана – Жер-ана» спектаклі 1964 жылы Қазақстанның мемлекеттік сыйлығын алған. Содан мен театрдан 2001 жылы кеткенге дейін 37 жыл бойы үзбей сахналанды. Айына кем дегенде екі рет қойылатын. Қаншама гастрольге бардық: Мәскеу, Қазан, Уфа, Орынбор, Ташкент... Өзіміздің облыстарды айтпағанда. 1973 жылы бүкілодақтық байқауда озып шығып, Иранның Шираз қаласында қойылды, ол жақты да дүр сілкіндіріп келдік. Ал «Қан мен тер» спектаклі 25 жылға жуық жүрді. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» да 25 жылдан артық сахнадан түскен жоқ. Талай буын актерлер ауысты. Мен өзім Қозыны 42 жасқа дейін ойнадым. Кейін Жантыққа ауыстым, Қарабайды сомдадым. Бірақ бір қызығы, актерлер ауысса да, спектакльдер сыр бермейтін. Өйткені олардың сүйегі мықты болды. Ал қазіргілер... Шынын айту керек, сын көтермейді. Көлденең бір актер келсе, бірден шашылып қалады. Өйткені негізі жоқ. Сондай спектакльдерді қатты аңсаймын. Сол деңгей қайта болса екен деп ойлаймын.

– Әлгі айтқаныңызға қарағанда, бүгінгі театрда белгілі бір мәселелер бар сияқты. Сіздің ойыңызша, театрдағы негізгі түйткіл неде?

– Қазіргі спектакльдердің басым көпшілігі құлақ пен көзге ғана әсер етеді, жүректен өтпейді. Мен айтамын: айналайындар-ау, адам көзсіз де, құлақсыз да өмір сүре береді, ал жүрек тоқтаса, ми тоқтаса – бітті, адам өледі. Соны біздің буын әлі күнге дейін жеткізе алмай келеміз. Осыдан 4-5 жыл бұрын Ресейдегі Кіші театрдың көркемдік жетекшісі, әйгілі актер Соломин де осыны айтып кетті. Мен өзімді олармен салыстырып отырған жоқпын, тек көрген, оқыған дүниені айтып отырмын. Жақында ғана Олег Басилашвилидің сұхбатын оқыдым. «Айттым, қойдым, шаршадым, енді айтпаймын» дейді. Оны да мазалап жүрген дәл осы мәселе. Бірақ тыңдап жатқан ешкім жоқ. Кешегі күнге дейін «классиканы бұзуға болмайды, мәтінге тиіспеу керек» деп зарлап келдік. Ал қазір сол классика қалай болса солай қойылып жатыр. Сосын енді неше түрлі шеттен, сырттан режиссер шақыру сияқты «сән» шықты. Олар материалдың тереңіне бара алмайды, қаза алмайды. Содан бетіндегі қаймағын ғана қалқып алып, гонорарын алады да, соған бәрі мәз болып қалады. Бұл – жалпы барлық театрға ортақ мәселе. Мен атарын атап айтпай-ақ қояйын, Астанада болсын, Алматыда болсын, бәрінде бір жағдай. Басым көпшілігі – плагиат. Ана жақтан көргенін, мына жақтан көргенін, интернеттен алғанын әкеліп тықпалайды. Біз соны «ах», «керемет» деп қабылдаймыз. Сөйтіп көрерменді шатастырамыз, адастырамыз. Талай жаздық та. Мұны кезінде Әшірбек Сығай «классиканы ойыншыққа айналдыруды доғару керек» деп жазған. Бірақ соған құлақ асып жатқан ешкім жоқ. Айтсаң, жексұрын боласың. Айтпай тағы болмайды. Мен қазір сол екіұдай күйде жүрмін. Мен ылғи айтамын: үндемей қалсам, ол сізбен келіскенім емес. Ол сізге айтудың қажеті жоқ деп есептегенім. Өйткені сіз оны түсінбейсіз. Тіпті естігіңіз де келмейді. Өздерінің бір қалыптасқан түсінігі бар, содан шыға алмайды. Ал сырт көзге бәрі көрініп тұрады. Мен тағы да сол Әзекең қойған спектакльдерді мысал қылып айтамын. Ең обал болған дүниенің бірі – Чеховтың «Ваня ағайы». Негізі, қазақ сахнасында аудармалар өте нашар жүреді. Ал сол қойылыммен Мәскеуге барғанда, бүкіл сыншылар тік тұрып мойындады. Бір ғана сын айтқан адам болды, жаңылмасам, Крымова болуы керек. Сол бір актрисаға қарап: «Милочка, за столом в шляпе не сидят» дегені. Спектакльден тапқан бар «кемшілігі» сол ғана. Ал қалғандары: «Рақмет сіздерге, қазақтар. Сіздер біздің Чеховты өзімізге қайта алып келдіңіздер» деп алғыс айтты. Өйткені ол кезде де «эксперимент» деген басталып кеткен еді. Мысалы, Литваның режиссері Някрошюстың «Ваня ағайы» да сол кезде біраз дүркіреді. Біз өзіміз көрген жоқпыз, бірақ көргендер айтады «кейіпкерлердің бәрі дерлік нашақор сияқты берілген» деп. Ал түпнұсқада ондай нәрсе жоқ қой. Бұл – Батыстың ықпалымен келген дүние. Соны Мәскеудің сыншылары «жаңалық», «жаңашылдық» деп көкке көтеріп жатты. Қазір біз дәл сондай кезеңге тап болып отырмыз.

– Демек, театрдағы қазіргі басты мәселе драматургияда да, актерлік шеберлікте де емес, режиссурада деп айтуға бола ма?

– Бұл бәрі бір-бірімен тығыз байланысты нәрсе ғой. Жас кезімде «Қазақ әдебиеті» газетіне бір шағын мақала жазғанмын. Өздері сұрап алды. Атауы – «Себебі мен салдары». Сонда айтқан сөзім әлі есімде. Біз өзі кінәмшіл халықпыз. Әсіресе, театрдың адамдары. Мысалы, спектакль сәтсіз шықса, драматург режиссерді «менің ойымды жеткізе алмады» деп кінәлайды. Режиссер актерді «ойымдағыдай ойнай алмады» деп кінәлайды. Актер байғұс костюмерді, тағы біреуді кінәлайды... Бірі-бірі «сен нашар пьеса жаздың», «сен нашар қойдың», «сен нашар ойнадың» деп тура айта алмайды. Аяғында бәрі жиналып алып, «Біз керемет спектакль қойдық, көрермен түсінбеді» деп көрерменді кінәлайды. Ал көрермен ақымақ емес қой. Бәрін түсініп отыр. Тек қабылдауы басқа.

– Айтқандай, бүгінгі көрермен қандай? Өзгерді ме? Қазіргі театрдан не күтеді деп ойлайсыз?

– Қазіргі көрерменнің көзі мен құлағы ғана жұмыс істейді. Біздің кезіміздегі көрермен спектакльді санасымен қабылдап, жүректен өткізетін. Мен ылғи айтамын: өнердің қай түрі болмасын, ең басты миссиясы – жүрекке жету. Толғандыру. Тебіренту. Түрлі сезімдерді ояту. Ал қазіргі басым бағыт – таңғалдыру. Қайтсем таңғалдырамын, мазмұны аса маңызды емес. Біздің кезімізде ондай емес еді. Мысалы, «Ана – Жер-ана» спектаклін алсақ, оны 6-7 рет көрген адамдарды білетінбіз. Тіпті жаттап та алған. Бізде Антонова деген буфетте істейтін орыс әйел болды. Спектакль қойылса болды, буфетін тастап, балконнан тұрып көретін. Неше рет көргенін білмейміз, бірақ қайта-қайта келіп көретін. Тетя Катя деген кісі де реквизиттер бөлімінде жұмыс істейтін. Сол да спектакльді жақсы көретін, сахнаның сыртына келіп отыратын, тіпті тілін түсінбесе де, қорсылдап жылап жүретін, сонша лықты әсерленіп. Ал қазір ондай спектакльдер жоқ. Премьераға келіп бір көрсе болды, кейін көрермен аяғы сирейді. Көрерменнің талабы да төмендеп кетті. Талғам емес, театрға деген талабы. Бұрын кездесулер жиі болатын. ЖОО-ға, мектептерге, мекемелерге актерлер шақыртулар алатын. Сол жерде көрермен өз ойын айтады, пікір білдіреді. Газет беттерінде талқылаулар, пікірталастар да көп болатын. Ал қазір ешкім газет оқымайды. Біз сапалы дүние ұсынып, көрерменнің талғамын тәрбиелеудің орнына солардың дәрежесіне түсіп, ығына жығылып барамыз.

– Бұрын театрларда Көркемдік кеңес болды. Олар спектакльдерді алдын ала қарап, тек сапалысын ғана сахнаға шығаратын. Қазір сол кеңестер бар ма? Бар болса, қазіргі қызметі қандай?

– Бар ғой, бірақ қауқарсыз. Көркемдік кеңестің мүшелері кей театрларда сайланады, ал кей театрларда тағайындалады. Мысалға, мен қазір ресми түрде сол кеңестің мүшесімін. Біз кезінде Тұңғышбай Жаманқұлов екеуміз Көркемдік кеңеске ерте кірдік. Сол кезде репертуарға алынатын пьесалар жан-жақты талқыланатын. Чат деген жоқ, бәріміз көзбе-көз жиналып, пьесаны бір адам оқиды. Сосын оны ортаға салып, жарай ма репертуарға, жарамай ма деп талқылаймыз. Әркім өзінің ойын айтады. Менің тілімді шығарған да Әзекең (Әзірбайжан Мәмбетов – Ж.Қ.) еді. Сол кезде Сәбира Майқанова, Серке Қожамқұлов отырғанда, өз ойыңды айтқың келмей, соларға қосылам десем, Әзекең ашуланып: «А все, кончай, кончай! Иж ты какой хитрый, давай свое!» дейді. Сосын амалсыз өз ойыңды айтасың. Бірақ бір жақсысы, оны ешкім көңіліне алмайды. Кейде тіпті сөзге де келіп қаласың. Есімде, Сәбира апайдың пікіріне екі рет қарсы шыққанымда, «мә, енді құрыдым ғой, ренжитін болды ғой» деп жүрдім. Жоқ, олай болмады. Асханаға түссем, бұрышта отыр екен. Мені «өлмес» деп атайтын. «Әй, өлмес, бері кел» деп қасына шақырды. Мен қорқып қасына барсам, даяшы қызға: «Қызым, мына өлмеске мәнті берші, ақшасын өзім төлеймін» деп жатыр. Жұмыс үстінде талай нәрсе болды, бірақ сол жерде бәрі жұмыс ретінде қалатын. Адами қарым-қатынасқа ешқандай нұқсан келтірмейтін. Қазір ондай емес. Спектакль премьерадан он күн, кемінде бір апта бұрын Көркемдік кеңеске тапсырылады. Қазіргідей бір күн қалғанда емес. Ондай жалған көзбояушылық кімге керек? Сол кезде ең қорқатынымыз Көркемдік кеңес еді. Мысал ретінде айтайын, Алтыншаш Жағанованың «Беймаза әйел» спектаклі қойылды. Фарида апай (Фарида Шәріпова – Ж.Қ.) басты кейіпкерді, мен баласын ойнадық. Сол спектакльді сахнаның сыртында Көркемдік кеңеске тапсырғалы тұрмыз. Фарида апай: «Тілектес, қарашы, қорқып тұрмын» деп менің қолымды жүрегінің тұсына апарып, дүрсілін тыңдатты. Мен: «Ой, апай, сіз неменеге қорқасыз?» десем, «Ойбай, қазір құртады ғой, қазір жейді ғой» дейді. Сол бетің бар, жүзің бар демейді, сойып салатын. Кемшіліктерімізді айтады, жақсы жақтарымызды айтады. Жай сынап қана қоймай, «былай болса қайтеді, олай болса қайтеді» деп ақыл-кеңесін береді. Ол кезде Көркемдік кеңестің беделі күшті болды. Әділін айтатын, санасы бар адам ойланатын. Ал қазір ол да жоқ. Қазір қауқарсыз деп отырғаным, көп дүние айтылып та жатыр, бірақ құлақ асып жатқандар жоқ. Мен сол мектептен өткендіктен, қазіргі жағдайды мүлде түсінбеймін...

Сұхбаттасқан
Жұлдыз ҚАПЕЗОВА,
театртанушы

Сұхбаттың толық нұсқасы «Астана ақшамы» газетінің сайтында

Елге қызмет ете жүріп, отбасының да қамын жасауға үлгеретін, бар болмысымен айналасына үлгі-өнеге көрсететін және ұрпағына тәлімді тәрбие беріп те ерекшеленетін асыл аналар ел ішінде баршылық. Солардың бірі – өмірін ұстаздыққа арнап, әулетінің де жағдайын жасай білген, жарымен бірге ұстаздар отбасын құрған Үміт Жұмашқызы Кенжебаева биыл наурызда 90 жасқа шықты.

ТАҒЫЛЫМДЫ ӨМІР ТӘЛІМІ

Райхан РАХМЕТОВА

Абыройлы қызмет етіп, айналасына қамқорлығы, мейірім-шапағаты мен шуағын шашқан асыл ана ғасырға жуық ғұмырында елден тек бата алды, ал бүгінде өзі де бәрі батасын алуға асығатын және берген батасы қабыл болатын кейуанаға айналды. 1936 жылы 25 наурызда бұрынғы Гурьев қаласында дүниеге келген Үміт Жұмашқызы соғыс басталған кезде небәрі 5 жаста болды. Елдің бас көтерер азаматтарының бәрі соғысқа аттанып, оның әкесі де майдан даласына көппен бірге кетті, сол кеткеннен оралмады. Ұрыс даласында ерлігімен көзге түскен әкесі «За отвагу», «За боевые заслуги» деген медальдармен марапатталды. Жастайынан әкесіз қалған Үміт әже әкеге деген сағынышын өмір бойына арқалап келеді. Бар ауыртпалық өзіне түскен анасы ауыр жұмыс істеп, бүкіл туыстарды асырау үшін қасапханада еңбек етті. Сөйтіп балаларын өсіріп, жетілдірді. Үміт қызы үмітін ақтап, мектепті жақсы бағаға бітірді де, Алматыға жоғары білім алуға аттанды. Сол кездегі С.М.Киров, қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетіне оқуға түсті. Әйгілі жазушы Мұхтар Әуезовтің дәрістерін тыңдады. Сол жылдары филология факультетінде қазақ әдебиетінің болашақ классиктері Қадыр Мырза Әлі, Қайрат Жұмағалиев, Тұманбай Молдағалиев оқыды. Саз бен сурет және сөз өнерінің биігінен көрінген Ілия Жақановпен бірге оқыды. Болашақ жары Мақсотпен де киелі шаңырақ – ҚазҰУ-де жүргенде танысты. Бір-біріне деген адал сезімі мен көңілін байқаған екі жас университет бітіргеннен кейін үйленіп, отбасын құрды да, жолдамамен Орынборға кетті. Осылайша педагогтар отбасын құраған екеуі жас маман ретінде еңбек жолын бастап, тәжірибе жинақтап, бас маманға айналды. Өмір бойы қол ұстасып, ауданнан ауданға, мектептен мектепке бірге жүріп, оқу-ағарту саласында талмай еңбек етті. Болашақ ұрпақты білім нәрімен сусындатып, елдің ертеңіне қызмет ететін мықты шәкірттер тәрбиелеп шығарды.



Жан жары Мақсот Құсайынұлы – елге белгілі азамат, Ақтөбеде оның атында дарынды балаларға арналған мектеп-интернат бар. Сол мектепті жұбайы Мақсот 17 жыл басқарған. Ал өзі қазақ тілі мен қазақ әдебиетінен сабақ берді. Еңбек ете жүріп, отбасының да қамын күйттей білген Үміт Жұмашқызы – дүниеге төрт қыз әкелген ардақты ана. Атақты қос педагогтың қыздары да осал болмады, үшеуі Мәскеуде оқып, екеуі химия ғылымының кандидаттары атанды. Кенжесі дәрігерлік жолды таңдады. Бүгінде осы қыздарынан немерелері мен шөбелері өсіп келеді.

Үлкен жауапкершілікті талап ететін ұстаздық қызметінде елдің балаларын тәрбиелесе, үйде өз қыздарын да назарынан тыс қалдырмаған Үміт ана жарының барлық жағдайын жасап, оның да жұмысының алға басуына септік етті. Бүгінде 90 жылдық мерейтойын сол ұрпақтарының алдында атап өтіп жатқан асыл текті ана әлі күнге үзбей кітап оқиды, поэзияны жақсы көреді. Үміт анамыз – республикалық басылымдарға қоса, біздің «Астана ақшамы» газетінің де тұрақты оқырманы. Саналы ғұмырын сауатты ұрпақ тәрбиелеуге арнаған Үміт әженің жасы ғасырдан асып, әулетінің ғана емес, елінің тілеуін әлі де ұзақ жылдар тілеп, кейінгіге баталы сөзін арнай берсін!

ДҮЙСЕНБІ
30 НАУРЫЗ

QAZAQSTAN

5:30 Әнұран
5:35 «Көңіл толқыны»
6:00 «Құдаша қыз» телехикаясы.
7:00 «TAŃSHOLPAN»
9:00 «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ» телехикаясы.
10:10 «Сезім мен серт» телехикаясы.
12:10 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...»
13:10 «Жат бауыр» телехикаясы.
14:15 «Тұлға» деректі фильмі
14:50 «Ақорда»
15:05 «Сағындырған әндер-ай»
16:00 «Қыздың жолы» телехикаясы.
17:00 АҚПАРАТ
17:20 «ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ»
18:00 «СЕЗІМ МЕН СЕРТ» телехикаясы.
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «ГҮЛДЕР СЫРЫ» телехикаясы.
21:25 «ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ» телехикаясы.
22:20 «АШЫҚ АЛАҢ»
23:10 «1001 ТҮН» ақпараттық, ойын-сауықтық бағдарламасы. Тікелей эфир
0:10 «Қыз тағдыры» телехикаясы.
1:00 АҚПАРАТ
1:30 «Қазір айтайық» әлеуметтік ток-шоуы.
2:20 «Ашық алаң»
3:05 «Тұлға» деректі фильмі

05:00 Телехикая «Фатмагүл»
07:00 «Оян!»
09:00 «Әлеумет»
09:30 «Көзқарас»
10:00 Телехикая. «Келінжан 6»
13:00 «ОйнаIQ»
14:00 Мультсериал «Турбозавры»
15:00 Комедия «Научи меня жить»
17:00 Телесериал «Мечта Эшрефа»
19:00 Новости
19:30 Комедия «Девушка моих кошмаров»
21:30 Жаңалықтар
22:00 «КешREC»
23:00 Телехикая «Эшреф»
01:00 Телехикая «Фатмагүл»

ASTANA TV

06.00 «Қош келдіңіз» телехикаясы
07.10 «Ана» телехикаясы
09.00 «Үкім» телехикаясы
10.00 «Қорғансыздар 2» телехикаясы
11.30 «Еркектерге қарсы» телехикаясы
12.20 «Қош келдіңіз» телехикаясы
13.40 «Зың-зың Күлпәш 3» телехикаясы
15.40 «Сәке» телехикаясы
17.30 «Ханзада Жумонг» телесериал
19.00 «Astanatimes»
20.00 «Үкім» телехикаясы
21.00 «Қорғансыздар 2» телехикаясы
22.00 «Сөнбеген жалын» телехикаясы
23.30 «Ханзада Жумонг» телесериал

6:00 «П@УTINA» бағдарламасы
7:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
8:30 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10:00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО!»
10:50 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ»
12:15 «АНАЛИТИКА»
13:15 «АНЫҚТАЙМЫЗ» бағдарламасы
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMIZ-ШОУ» бағдарламасы
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:30 «ВОЗМЕЗДИЕ»
1:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
1:35 «СЕРАФИМА ПРЕКРАСНАЯ».
2:35 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
3:00 «KÖREMIZ-ШОУ» бағдарламасы
3:45 «П@УTINA» бағдарламасы

КТК

7:00 ҚР ӘНҰРАНЫ
7:05 «КТК ҚОРЖЫНЫ»
7:40 «ӘНІМ СЕН ЕДІҢ»
8:10 «ДЖЕЛАЛАДДИН», түрік телехикаясы.
9:20 «ДЖОХАН»
12:50 «ЦВЕТ МЕСТИ», мелодрама
16:40 «ДЖАМАЙКА», мелодрама
18:30 «ОДНАЖДЫ В ЧУКУРОВА»
20:35 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
21:40 «КЛАН ЮВЕЛИРОВ», мелодрама.
23:40 «ГОРЯЧИЙ»
1:30 «ДЖАМАЙКА», мелодрама (повтор)
2:50 «ДЖЕЛАЛАДДИН»
4:10 «КТК ҚОРЖЫНЫ» (қайталау)
5:10 «ӘНІМ СЕН ЕДІҢ»

31

06:00 «Әзіл студио»
07:00 «Күліп All»
07:30 «Тәтті шоу»
08:00 «31 әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
09:30 «Аватар: Легенда об Аанге»
10:00 Мультсериал «Губка Боб»
10:50 Мультсериал «Кунг-фу Панда»
11:40 «Хотя бы кинода 2» комедиясында
13:40 «Миллионер из трущоб» (повтор)
16:00 «Я, робот» (повтор)
18:10 «Нью-Йоркское такси»
20:00 Информбюро (рус/каз)
21:00 «Копы в глубоком запасе»
23:00 «Бозторғай» телехикая
01:00 «31 әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
02:40 «Time Vine»
03:00 «TikTok show»
04:20 «1001 әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
04:30 Телевикторина «BALA BATTLE»
05:00 «What's up?» ойын-сауық бағдарламасы
05:20 «Ризамын» ойын-сауық бағдарламасы

7

6:00 Әнұран
6:02 «Өсекшілер». Телехикая.
7:00 «Үзілген жапырақтар». Телехикая
8:40 ӘМІРШІ ӘЙЕЛ. Телехикая
10:00 «НУ, ПОГОДИ». Мультсериал
11:00 «Ветреный». Телесериал
13:30 «ҰЛЫ ДАЛА ЖАНҰЯСЫ». Телехикая
14:40 Телесериал.
15:40 Императрица Ки. Телесериал
17:00 «ВЕЛИКОЛЕПНЫЙ ВЕК. ХЮРРЕМ».
18:00 ЖАҢАЛЫҚТАР. ТІКЕЛЕЙ ЭФИР
18:30 «ВЕЛИКОЛЕПНЫЙ ВЕК. ХЮРРЕМ».
20:00 «ВЕТРЕНЫЙ». Телесериал
22:00 «ҮЗІЛГЕН ЖАПЫРАҚТАР».
23:20 Әзілің жарасса
2:20 «Бастық боламын». Телехикая.
3:00 Гүл-гүл шоу
3:40 Жұлдызды шаңырақта
4:20 Япырай

НТК

07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 «Қызық Live» (каз.)
08.10 Телехикая «Достық 99» (каз.)
08.30 «INSTA LIKE» (каз.)
09.00 «УРАЛЬСКИЕ ПЕЛЬМЕНИ. СМЕХБУК»
09.50 «МОЙ ДОМАШНИЙ КРОКОДИЛ»
12.00 «СЕЗІМ БАҒЫ» (каз.)
16.00 Сериал «ДВА ЛИЦА СТАМБУЛА»
17.00 Телехикая «Қашан туасың»
17.20 «INSTA TV» (каз.)
17.40 «РЕВЮ» (каз.)
18.00 «ОРЁЛ И РЕШКА. ЗЕМЛЯНЕ»
19.00 «УРАЛЬСКИЕ ПЕЛЬМЕНИ. СМЕХБУК»
19.30 «ОДНАЖДЫ В РОССИИ»
20.10 «ЕЩЁ ОДИН УДАР»
22.10 «МОШЕННИКИ 2» (2 серии)
23.30 «ХРАНИТЕЛЬ» (боевик, Стивен Сигал)
01.20 Сериал «ДВА ЛИЦА СТАМБУЛА»
02.10 «Қызық Live» (каз.)
02.50 «Ұ-NIGHT SHOW» (каз.)
03.30 Телехикая «Достық 99» (каз.)
03.50 «INSTA TV» (каз.)
04.10-05.00 «Екі езу» (каз.)

СЕЙСЕНБІ
31 НАУРЫЗ

QAZAQSTAN

5:30 ӘНҰРАН
6:10 «ҚҰДАША ҚЫЗ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
7:00 «TAŃSHOLPAN»
9:00 «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
10:00 АҚПАРАТ
10:10 «СЕЗІМ МЕН СЕРТ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
12:10 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...»
13:10 «ЖАТ БАУЫР» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
14:15 «ТІРШІЛІК» ДЕРЕКТІ ФИЛЬМІ
14:45 «САҒЫНДЫРҒАН ӘНДЕР-АЙ»
16:00 «ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
17:00 АҚПАРАТ
17:20 «ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ»
18:00 «СЕЗІМ МЕН СЕРТ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «ГҮЛДЕР СЫРЫ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
21:25 «ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
22:20 «АШЫҚ АЛАҢ»
23:10 «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ»
23:35 ФУТБОЛ. ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ
1:45 «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
2:35 АҚПАРАТ
3:05 «ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ» ӘЛЕУМЕТТІК ТОК-ШОУЫ.
3:55 «АШЫҚ АЛАҢ» ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ТОК-ШОУЫ.

05:00 ТЕЛЕХИКАЯ «ФАТМАГҮЛ»
07:00 «ОЯН!»
09:00 «НАРОДНЫЙ КОНТРОЛЬ»
09:45 ӘЛЕМ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ
10:00 ТЕЛЕХИКАЯ «ЭШРЕФ»
12:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «КЕЛІНЖАН 6»
13:00 «ОЙНАIQ»
14:00 МУЛЬТСЕРИАЛ «ТУРБОЗАВРЫ»
15:00 КОМЕДИЯ
17:00 ТЕЛЕСЕРИАЛ «МЕЧТА ЭШРЕФА»
19:00 НОВОСТИ
19:30 КОМЕДИЯ «ЗА БОРТОМ»
21:30 ЖАҢАЛЫҚТАР
22:00 «КЕШREC»
23:00 ТЕЛЕХИКАЯ «ЭШРЕФ»
01:00 ТЕЛЕХИКАЯ «ФАТМАГҮЛ»

ASTANA TV

06.00 «Қош келдіңіз» телехикаясы
07.10 «Ана» телехикаясы
09.00 «Үкім» телехикаясы
10.00 «Қорғансыздар 2» телехикаясы
11.30 «Еркектерге қарсы» телехикаясы
12.20 «Қош келдіңіз» телехикаясы
13.40 «Зың-зың Күлпәш 3» телехикаясы
15.40 «Сәке» телехикаясы
17.30 «Ханзада Жумонг» телесериал
19.00 «Astanatimes»
20.00 «Үкім» телехикаясы
21.00 «Қорғансыздар 2» телехикаясы
22.00 «Сөнбеген жалын» телехикаясы
23.30 «Ханзада Жумонг» телесериал
00.40 «Алпарслан 2» телехикаясы

6:00 «П@УTINA» бағдарламасы
7:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
8:30 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10:00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО!»
10:50 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР»
11:50 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ!»
12:45 «КРЕСТНЫЙ»
14:00 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMIZ-ШОУ» бағдарламасы
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:30 «ВОЗМЕЗДИЕ»
1:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
1:35 «СЕРАФИМА ПРЕКРАСНАЯ».
3:00 «KÖREMIZ-ШОУ» бағдарламасы
3:45 «П@УTINA» бағдарламасы

КТК

7:00 ҚР ӘНҰРАНЫ
7:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
7:25 «ӘНІМ СЕН ЕДІҢ»
8:10 «ДЖЕЛАЛАДДИН», түрік телехикаясы.
9:30 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (повтор)
10:10 «ГОРЯЧИЙ»
12:10 «КЛАН ЮВЕЛИРОВ», мелодрама
14:10 «КОЛЬЦО С РУБИНОМ», мелодрама
16:40 «ДЖАМАЙКА», мелодрама
18:30 «ОДНАЖДЫ В ЧУКУРОВА»
21:40 «КЛАН ЮВЕЛИРОВ», мелодрама.
23:40 «ГОРЯЧИЙ», криминальный детектив
1:30 «ДЖАМАЙКА», мелодрама (повтор)
2:50 «ДЖЕЛАЛАДДИН», түрік телехикаясы
4:10 «КТК ҚОРЖЫНЫ»
5:10 «ӘНІМ СЕН ЕДІҢ»

31

06:00 «Әзіл студио»
07:00 Информбюро (рус/каз)
08:00 «31 әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
09:30 «Аватар: Легенда об Аанге»
11:50 Мультсериал «Губка Боб»
12:40 Мультсериал «Кунг-фу Панда»
13:30 «Звездная пыль» (повтор)
16:00 «Стрит: бейся до конца» (повтор)
17:40 КИНО. Арнольд Шварценеггер в боевике «Конец света»
20:00 Информбюро (рус/каз)
21:00 КИНО. Ричи Жэнь в боевике «Свирепый полицейский»
22:50 «Бозторғай» телехикаясы 58-59 бөлім
00:50 «31 әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
02:40 «Time Vine» ойын-сауық бағдарламасы
03:00 «TikTok show» ойын-сауық бағдарламасы
03:20 «What's up?» ойын-сауық бағдарламасы
04:00 «Әзіл студио» ойын-сауық бағдарламасы
04:20 «1001 әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
04:30 Телевикторина «BALA BATTLE»
05:00 «What's up?» ойын-сауық бағдарламасы
05:20 «Ризамын» ойын-сауық бағдарламасы

7

6:00 Әнұран
6:02 «Өсекшілер». Телехикая.
7:00 «Үзілген жапырақтар». Телехикая
8:40 ӘМІРШІ ӘЙЕЛ. Телехикая
10:00 «НУ, ПОГОДИ». Мультсериал
11:00 «Ветреный». Телесериал
13:30 «ҰЛЫ ДАЛА ЖАНҰЯСЫ». Телехикая
14:40 Телесериал.
15:40 Императрица Ки. Телесериал
17:00 «ВЕЛИКОЛЕПНЫЙ ВЕК. ХЮРРЕМ».
18:00 ЖАҢАЛЫҚТАР. ТІКЕЛЕЙ ЭФИР
18:30 «ВЕЛИКОЛЕПНЫЙ ВЕК. ХЮРРЕМ».
19:30 НОВОСТИ. ПРЯМОЙ ЭФИР
20:00 «Ветреный». Телесериал
22:00 «Үзілген жапырақтар». Телехикая
23:20 Әзілің жарасса
2:20 «Бастық боламын». Телехикая.
3:00 Гүл-гүл шоу
3:40 Жұлдызды шаңырақта
4:20 Япырай

НТК

07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 «Қызық Live» (каз.)
08.10 Телехикая «Достық 99» (каз.)
08.30 «INSTA LIKE» (каз.)
09.00 «ЩЕНЯЧИЙ ПАТРУЛЬ»
09.30 «УРАЛЬСКИЕ ПЕЛЬМЕНИ. СМЕХБУК»
10.00 «ОРЁЛ И РЕШКА. ЧУДЕСА СВЕТА 5»
11.00 «ОРЁЛ И РЕШКА. ЗЕМЛЯНЕ»
12.00 «СЕЗІМ БАҒЫ» (каз.)
16.00 Сериал «ДВА ЛИЦА СТАМБУЛА»
17.00 Телехикая «Қашан туасың»
17.20 «INSTA TV» (каз.)
17.40 «РЕВЮ» (каз.)
18.00 «ОРЁЛ И РЕШКА. ЗЕМЛЯНЕ»
19.00 «УРАЛЬСКИЕ ПЕЛЬМЕНИ. СМЕХБУК»
19.30 «ОДНАЖДЫ В РОССИИ»
20.30 «ВЗЛОМ»
22.10 «МОШЕННИКИ 2» (заключ. серия)
22.50 «ВОЙНА МИРОВ Z»
01.10 Сериал «ДВА ЛИЦА СТАМБУЛА»
02.00 «Қызық Live» (каз.)
02.40 «Ұ-NIGHT SHOW» (каз.)
03.20 Телехикая «Достық 99» (каз.)
03.40 «INSTA TV» (каз.)
04.00-05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)

СӘРСЕНБІ
1 СӘУІР

QAZAQSTAN

4:45 ӘНҰРАН
4:50 ФУТБОЛ. ЖОЛДАСТЫҚ МАТЧ.
7:00 «TAŃSHOLPAN»
9:00 «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
10:10 «СЕЗІМ МЕН СЕРТ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
12:10 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...»
13:10 «ЖАТ БАУЫР» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
14:10 «БІРЕГЕЙ» ДЕРЕКТІ ФИЛЬМІ
14:50 «ӨЗ ЕЛІМ».
16:00 «ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
17:00 АҚПАРАТ
17:20 «ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ» ӘЛЕУМЕТТІК ТОК-ШОУЫ. ТІКЕЛЕЙ ЭФИР
18:00 «СЕЗІМ МЕН СЕРТ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «ГҮЛДЕР СЫРЫ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
21:25 «ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
22:20 «АШЫҚ АЛАҢ» ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ТОК-ШОУЫ.
23:10 «1001 ТҮН» АҚПАРАТТЫҚ, ОЙЫН-САУЫҚТЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ. ТІКЕЛЕЙ ЭФИР
0:10 «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
1:00 АҚПАРАТ
1:30 «ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ»
2:10 «АШЫҚ АЛАҢ»
2:55 «БІРЕГЕЙ» ДЕРЕКТІ ФИЛЬМІ

05:00 ТЕЛЕХИКАЯ «ФАТМАГҮЛ»
07:00 «ОЯН!»
09:00 «БІЗДІҢ НАЗАРДА»
09:30 МИРОВЫЕ НОВОСТИ
09:45 ӘЛЕМ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ
10:00 ТЕЛЕХИКАЯ «ЭШРЕФ»
12:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «КЕЛІНЖАН 6»
13:00 «ОЙНАIQ»
14:00 МУЛЬТСЕРИАЛ «ТУРБОЗАВРЫ»
15:00 КОМЕДИЯ «ЗА БОРТОМ»
17:00 ТЕЛЕСЕРИАЛ «МЕЧТА ЭШРЕФА»
19:00 НОВОСТИ
19:30 МЕЛОДРАМА «СЛИШКОМ КРУТА ДЛЯ ТЕБЯ»
21:30 ЖАҢАЛЫҚТАР
22:00 «КЕШREC»
23:00 ТЕЛЕХИКАЯ «ЭШРЕФ»
01:00 ТЕЛЕХИКАЯ «ФАТМАГҮЛ»

ASTANA TV

06.00 «ҚОШ КЕЛДІҢІЗ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ
07.10 «АНА» ТЕЛЕХИКАЯСЫ
09.00 «ҮКІМ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ
10.00 «ҚОРҒАНСЫЗДАР 2»
11.30 «ЕРКЕКТЕРГЕ ҚАРСЫ»
12.20 «ҚОШ КЕЛДІҢІЗ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ
13.40 «ЗЫҢ-ЗЫҢ КҮЛПӘШ 3»
15.40 «СӘКЕ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ
17.30 «ХАНЗАДА ЖУМОНГ» ТЕЛЕСЕРИАЛ
19.00 «ASTANATIMES»
20.00 «ҮКІМ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ
21.00 «ҚОРҒАНСЫЗДАР 2»
22.00 «СӨНБЕГЕН ЖАЛЫН»
23.30 «ХАНЗАДА ЖУМОНГ» ТЕЛЕСЕРИАЛ
00.40 «АЛПАРСЛАН 2» ТЕЛЕХИКАЯСЫ

6:00 «П@УTINA» БАҒДАРЛАМАСЫ
7:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
8:30 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10:00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО!»
10:50 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР»
11:50 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ!»
12:45 «КРЕСТНЫЙ»
14:30 «QOSLIKE» БАҒДАРЛАМАСЫ
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMIZ-ШОУ» БАҒДАРЛАМАСЫ
20:30 «ВОЗМЕЗДИЕ»
22:45 «ПУЛЯ»
1:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
1:35 «СЕРАФИМА ПРЕКРАСНАЯ».
3:00 «KÖREMIZ-ШОУ» БАҒДАРЛАМАСЫ
3:45 «П@УTINA» БАҒДАРЛАМАСЫ

КТК

7:00 ҚР ӘНҰРАНЫ
7:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (ҚАЙТАЛАУ)
7:25 «ӘНІМ СЕН ЕДІҢ»
8:10 «ДЖЕЛАЛАДДИН»,
9:30 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (ПОВТОР)
10:10 «ГОРЯЧИЙ»
12:10 «КЛАН ЮВЕЛИРОВ», МЕЛОДРАМА
14:10 «КОЛЬЦО С РУБИНОМ»
16:40 «ДЖАМАЙКА», МЕЛОДРАМА
18:30 «ОДНАЖДЫ В ЧУКУРОВА»
20:35 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
21:40 «КЛАН ЮВЕЛИРОВ»
23:40 «ГОРЯЧИЙ»
1:30 «ДЖАМАЙКА»
3:00 «ДЖЕЛАЛАДДИН»
4:20 «КТК ҚОРЖЫНЫ»

31

06:00 «ӘЗІЛ СТУДИО»
07:00 ИНФОРМБЮРО (РУС/КАЗ)
08:00 «31 ӘЗІЛ» ОЙЫН-САУЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ
09:30 «АВАТАР: ЛЕГЕНДА ОБ ААНГЕ»
10:20 МУЛЬТСЕРИАЛ «ГУБКА БОБ»
12:10 МУЛЬТСЕРИАЛ «КУНГ-ФУ ПАНДА»
13:00 «НЬЮ-ЙОРКСКОЕ ТАКСИ» (ПОВТОР)
15:00 «ЧЕЛОВЕК-ПАУК 3» (ПОВТОР)
17:50 «ХИЩНИК»
20:00 ИНФОРМБЮРО (РУС/КАЗ)
21:00 КИНО. ЛУИЗА КРАУЗЕ В ТРИЛЛЕРЕ «ПОДВОДНЫЙ КАПКАН»
22:50 «БОЗТОРҒАЙ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ 60-61 БӨЛІМ
00:50 «31 ӘЗІЛ» ОЙЫН-САУЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ
02:40 «TIME VINE» ОЙЫН-САУЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ
03:00 «TIKTOK SHOW» ОЙЫН-САУЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ
03:20 «WHAT'S UP?» ОЙЫН-САУЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ
04:00 «ӘЗІЛ СТУДИО» ОЙЫН-САУЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ
04:20 «1001 ӘЗІЛ» ОЙЫН-САУЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ
04:30 ТЕЛЕВИКТОРИНА «BALA BATTLE»
05:00 «WHAT'S UP?» ОЙЫН-САУЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ
05:20 «РИЗАМЫН» ОЙЫН-САУЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ

7

6:00 Әнұран
6:02 «Өсекшілер». Телехикая.
7:00 «Үзілген жапырақтар». Телехикая
8:40 ӘМІРШІ ӘЙЕЛ. Телехикая
10:00 НУ, ПОГОДИ! Мультсериал
11:00 «Ветреный». Телесериал
13:30 «ҰЛЫ ДАЛА ЖАНҰЯСЫ». Телехикая
14:40 Телесериал.
15:40 Императрица Ки. Телесериал
17:00 «ВЕЛИКОЛЕПНЫЙ ВЕК. ХЮРРЕМ».
18:00 ЖАҢАЛЫҚТАР. ТІКЕЛЕЙ ЭФИР
18:30 «ВЕЛИКОЛЕПНЫЙ ВЕК. ХЮРРЕМ».
19:30 НОВОСТИ. ПРЯМОЙ ЭФИР
20:00 «ВЕТРЕНЫЙ». Телесериал
22:00 «ҮЗІЛГЕН ЖАПЫРАҚТАР». Телехикая
23:20 Әзілің жарасса
2:20 «Бастық боламын». Телехикая.
3:00 Гүл-гүл шоу
3:40 Жұлдызды шаңырақта
4:20 Япырай

НТК

07.00 «РАЗМИНКА» (КАЗ/РУС)
07.15 ТЕЛЕХИКАЯ «ДОСТЫҚ 99» (КАЗ.)
07.40 «ҚАТЫГЕЗ ЫСТАНБҰЛ»
08.30 «INSTA LIKE» (КАЗ.)
09.00 «ЩЕНЯЧИЙ ПАТРУЛЬ»
09.30 «УРАЛЬСКИЕ ПЕЛЬМЕНИ»
10.00 «ОРЁЛ И РЕШКА»
11.00 «ОРЁЛ И РЕШКА. ЗЕМЛЯНЕ»
12.00 «СЕЗІМ БАҒЫ» (КАЗ.)
16.00 СЕРИАЛ «ДВА ЛИЦА СТАМБУЛА»
17.00 ТЕЛЕХИКАЯ «ҚАШАН ТУАСЫҢ»
17.20 «INSTA TV» (КАЗ.)
17.40 «РЕВЮ» (КАЗ.)
18.00 «ОРЁЛ И РЕШКА. ЗЕМЛЯНЕ»
19.00 «УРАЛЬСКИЕ ПЕЛЬМЕНИ»
19.30 «ОДНАЖДЫ В РОССИИ»
20.30 «И ПРИШЕЛ ПАУК»
22.40 «ПАДЕНИЕ БОРТА № 1»
00.20 СЕРИАЛ «ДВА ЛИЦА СТАМБУЛА»
01.10 «ҚАТЫГЕЗ ЫСТАНБҰЛ»
02.00 «ҚЫЗЫҚ LIVE» (КАЗ.)
02.40 «Ұ-NIGHT SHOW» (КАЗ.)
03.20 ТЕЛЕХИКАЯ «ДОСТЫҚ 99» (КАЗ.)
03.40 «INSTA TV» (КАЗ.)
04.00-05.00 «ЕКІ ЕЗУ» (КАЗ.)

БЕЙСЕНБІ
2 СӘУІР

QAZAQSTAN

5:30 ӘНҰРАН
5:35 АҚПАРАТ
6:10 «ҚҰДАША ҚЫЗ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
7:00 «TAŃSHOLPAN»
9:00 «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
10:00 АҚПАРАТ
10:10 «СЕЗІМ МЕН СЕРТ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
12:10 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...»
13:00 АҚПАРАТ
13:10 «ЖАТ БАУЫР» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
14:15 «ҰРПАҚТАР ҮНДЕСТІГІ»
14:50 «САҒЫНДЫРҒАН ӘНДЕР-АЙ»
16:00 «ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
17:00 АҚПАРАТ
17:20 «ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ»
18:00 «СЕЗІМ МЕН СЕРТ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «ГҮЛДЕР СЫРЫ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
21:25 «ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
22:20 «АШЫҚ АЛАҢ» ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ТОК-ШОУЫ.
23:10 «1001 ТҮН»
0:10 «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
1:30 «ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ»
2:10 «АШЫҚ АЛАҢ» ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ТОК-ШОУЫ.
2:55 «ҰРПАҚТАР ҮНДЕСТІГІ» АРНАЙЫ ЖОБАСЫ

05:00 Телехикая «Фатмагүл»
07:00 «Оян!»
09:00 «Неосеть»
09:30 Мировые новости
09:45 Әлем жаңалықтары
10:00 Телехикая «Эшреф»
12:00 Телехикая. «Келінжан 6»
13:00 «ОйнаIQ»
14:00 Мультсериал «Турбозавры»
15:00 «Слишком крута для тебя»
17:00 Телесериал «Мечта Эшрефа»
19:30 Комедия «Колдунья»
21:30 Жаңалықтар
22:00 «КешREC»
23:00 Телехикая «Эшреф»
01:00 Телехикая «Фатмагүл»

ASTANA TV

06.00 «Қош келдіңіз» телехикаясы
07.10 «Ана» телехикаясы
09.00 «Үкім» телехикаясы
10.00 «Қорғансыздар 2» телехикаясы
11.30 «Еркектерге қарсы» телехикаясы
12.20 «Қош келдіңіз» телехикаясы
13.40 «Зу-зу Күлпәш» телехикаясы
15.30 «Сәке» телехикаясы
17.30 «Ханзада Жумонг» телесериал
19.00 «Astanatimes»
20.00 «Үкім» телехикаясы
21.00 «Қорғансыздар 2» телехикаясы
22.00 «Сөнбеген жалын» телехикаясы
23.30 «Ханзада Жумонг» телесериал
00.40 «Алпарслан 2» телехикаясы

АИТВ ТУРАЛЫ КӨБІРЕК БІЛІҢІЗ!

АИТВ инфекциясы – бұл адамның иммундық тапшылығы вирусынан туындайтын созылмалы инфекциялық ауру. Вирус иммундық жүйе жасушаларын зақымдап, ағзаның қорғаныс қабілетін біртіндеп төмендетеді.

Егер ауру емделмесе, уақыт өте келе ауыр иммундық бұзылыстар сатысы дамуы мүмкін. Вирус ағзаның барлық сұйықтықтары мен тіндерінде болады. Вирустың ең жоғары концентрациясы қанда, лимфада, шәуетте және қынап секретінде байқалады. Ағзаның басқа сұйықтықтарында (сілекей, жас, тер, зәр және т.б.) вирустың мөлшері жұқтыру үшін жеткіліксіз.

АИТВ – адамның иммундық тапшылығы вирусы, бұл адамзат тарихындағы ең жақсы зерттелген вирус. Әрбір адам өзін қорғау үшін ол туралы білімін пайдалана алады. Қандай жағдайларда жұқтыру қаупі бар екенін және оны қай кезде төмендетуге болатынын үйрену аса қиын емес.

АИТВ-ның жұғу жолдары мен сақтану әдістері туралы толық ақпараттың бар екеніне қарамастан, өкінішке қарай, АИТВ эпидемиясының қарқыны бәсеңдемей тұр. АИТВ-ның алдын алу принциптерін түсіну қиын емес. Бұл вирус адам ағзасының сұйықтықтарынан тыс өмір сүрмейді, тұрмыстық қарым-қатынас арқылы жұқпайды, сондықтан әрбір адамның өзін АИТВ-дан қорғауға және жақындарына көмектесуге мүмкіндігі бар.

Адам ағзасына енгеннен кейін АИТВ-инфекциялармен күресуге арналған белгілі бір жасушаларға (Т-лимфоциттер немесе CD4 жасушалары) шабуыл жасайды. Уақыт өте келе, АИТВ-ның осы жасушаларға әсер етуі салдарынан ағза кейбір вирустардан, бактериялардан, саңырауқұлақтардан, паразиттерден және т.б. қорғануға қауқарсыз болып қалады.

Жұқтыру қалай жүреді? АИТВ инфекциясының жұғу жолдары тек үшеу ғана:

– жыныстық жол: қорғалмаған жыныстық қатынас арқылы;

– қан арқылы: есірткіні көктамырға енгізу кезінде стерильді емес шприцтер мен инелерді бірлесіп пайдалану, татуировка жасау және пирсинг үшін стерильді емес құралдарды қолдану;

– АИТВ-оң мәртебесі бар анадан балаға; жүктілік, босану кезінде және емізу арқылы.

АИТВ тақырыбы қорқыныш пен мазасыздық тудырады, бірақ бұл үрей көбіне негізсіз болып шығады. Адамдар қарапайым тұрмыстық қарым-қатынас кезінде вирус жұқтырып алудан қорқады. АИТВ сілекеймен, жаспен жанасқанда, қол алысқанда, құшақтасқанда, жәндіктер шаққанда, ортақ ыдыс-аяқты, дәретхананы, душты және бассейнді пайдаланғанда жұқпайды.

АИТВ-инфекциясын жұқтырудың орын алған-алмағанын білудің жалғыз жолы – тестілеуден өту. АИТВ-инфекциясына тестілеу ағзаға вирус енген кезде оған жауап ретінде түзілетін антиденелер мен антигендерді анықтауға негізделген.

АИТВ-инфекциясына тестілеуден өту не үшін қажет? Ерте диагностикалау және уақтылы емдеу өмірді ұзартуға және оның сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ жүкті әйелдің тестілеу нәтижелерін білуі баласына аурудың жұғу қаупін төмендететін алдын алу шараларын уақтылы жүргізуге жағдай жасайды.

Бүгінгі таңда АИТВ – бақылауға болатын созылмалы ауру. Инфекцияның таралу қарқынын айтарлықтай төмендетуге және АИТВ жұқтырғандардың өмірін ұзартуға мүмкіндік беретін антиретровирустық препараттар бар.

АИТВ-инфекциясы түбегейлі емделмейтіндіктен, инфекцияның таралуына қарсы күрестің негізгі құралы – алдын алу, яғни жаңа жұқтыру жағдайларына жол бермеу.

Инфекцияны жұқтырудың алдан алу?

* кездейсоқ жыныстық қатынастардан аулақ болу, қорғаныстың тосқауылдық (барьерлік) әдістерін қолдану;

* тұрақты жыныстық серіктеспен ғана қарым-қатынаста болуға басымдық беру;

* екі серіктестің де АИТВ-ға жүйелі түрде тексеріліп тұруы;

* есірткі тұтынудан бас тарту;

* тек бір реттік шприцтер мен инелерді пайдалану;

* жеке гигиена құралдарын пайдалану: қырынғыш, маникюр құралдары; құлақ тестіру кезінде тек стерильді аспаптарды қолдану.

Жыныстық жолмен жұғатын инфекциялардың болуы АИТВ-ны жұқтыру қаупін 2-3 есе арттырады, сондықтан мұндай ауруларды уақтылы емдеу де АИТВ-ның алдын алу шарасы.

Өзіңізді АИТВ-инфекциясынан қорғай отырып, сіз жақындарыңызды қорғайсыз!

Егер сізде қандай да бір сұрақтар туындаса І.Есенберлин көшесі, 5/1 мекенжайы бойынша орналасқан Астана қаласының АИТВ-инфекциясының алдын алу орталығынан 38-04-64, 38-07-02 сенім телефондары арқылы, http://kazaids.kz сайтынан, сондай-ақ @aidsastana инстаграм парақшамыздан толық ақпарат ала аласыз.

С.НҰРҒАЛИЕВА,
Астана қаласы АИТВ-инфекциясының алдын алу орталығы эпидемиологтың көмекшісі

6:00 «П@УТINA» бағдарламасы
7:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
8:30 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10:00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО!»
10:50 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР»
11:50 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ!»
12:45 «КРЕСТНЫЙ»
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMIZ-ШОУ» бағдарламасы
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:30 «ПУЛЯ»
1:35 «СЕРАФИМА ПРЕКРАСНАЯ».
3:00 «KÖREMIZ-ШОУ» бағдарламасы
3:45 «П@УТINA» бағдарламасы

КТК

7:00 ҚР ӘНҰРАНЫ
7:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
7:25 «ӘНІМ СЕН ЕДІҢ»
8:10 «ДЖЕЛАЛАДДИН»
9:30 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (повтор)
10:10 «ГОРЯЧИЙ»
12:10 «КЛАН ЮВЕЛИРОВ»
14:10 «КОЛЬЦО С РУБИНОМ», мелодрама
16:40 «ДЖАМАЙКА», мелодрама
18:30 «ОДНАЖДЫ В ЧУКУРОВА»
21:40 «КЛАН ЮВЕЛИРОВ», мелодрама.
23:40 «ГОРЯЧИЙ»
1:30 «ДЖАМАЙКА», мелодрама (повтор)
3:00 «ДЖЕЛАЛАДДИН»
4:20 «КТК ҚОРЖЫНЫ»
5:20 «ӘНІМ СЕН ЕДІҢ»

31

06:00 «Әзіл студио»
07:00 Информбюро (рус/каз)
08:00 «31 әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
09:30 «Аватар: Легенда об Аанге»
09:50 Мультсериал «Губка Боб»
10:40 Мультсериал «Кунг-фу Панда»
11:10 «Свирепый полицейский» (повтор)
13:10 «Копы в глубоком запасе» (повтор)
15:20 «Конец света» (повтор)
17:50 «Хищник 2»
20:00 Информбюро (рус/каз)
21:00 «Ангелы и демоны»
23:30 «Бозторғай» телехикаясы
01:00 «31 әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
02:40 «Time Vine» ойын-сауық бағдарламасы
03:00 «TikTok show» ойын-сауық бағдарламасы
04:20 «1001 әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
04:30 Телевикторина «BALA BATTLE»
05:00 «What's up?»
05:20 «Ризамын»

7

6:00 Әнұран
6:02 «Өсекшілер». Телехикая.
6:30 Новости
7:00 «Үзілген жапырақтар». Телехикая
8:40 ӘМІРШІ ӘЙЕЛ. Телехикая
10:00 НУ, ПОГОДИ! Мультсериал
11:00 «Ветреный». Телесериал
13:30 «ҰЛЫ ДАЛА ЖАНҰЯСЫ». Телехикая
14:40 Телесериал.
15:40 Императрица Ки. Телесериал
17:00 «ВЕЛИКОЛЕПНЫЙ ВЕК. ХЮРРЕМ».
18:00 ЖАҢАЛЫҚТАР. ТІКЕЛЕЙ ЭФИР
18:30 «ВЕЛИКОЛЕПНЫЙ ВЕК. ХЮРРЕМ».
19:30 НОВОСТИ. ПРЯМОЙ ЭФИР
20:00 «ВЕТРЕНЫЙ». Телесериал
22:00 «ҮЗІЛГЕН ЖАПЫРАҚТАР». Телехикая
23:20 Әзілің жарасса
2:20 «Бастық боламын». Телехикая.
3:00 Гүл-гүл шоу
3:40 Жұлдызды шаңырақта
4:20 Япырай

НТК

07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 Телехикая «Достық 99» (каз.)
07.40 Телехикая «Қатыгез Ыстанбұл»
09.00 «ЩЕНЯЧИЙ ПАТРУЛЬ» (мультсериал)
09.30 «УРАЛЬСКИЕ ПЕЛЬМЕНИ. СМЕХБУК»
10.00 «ОРЁЛ И РЕШКА. ЧУДЕСА СВЕТА 5»
11.00 «ОРЁЛ И РЕШКА. ЗЕМЛЯНЕ»
12.00 «СЕЗІМ БАҒЫ» (каз.)
16.00 Сериал «ДВА ЛИЦА СТАМБУЛА»
17.00 Телехикая «Қашан туасың»
17.20 «INSTA TV» (каз.)
17.40 «РЕВЮ» (каз.)
18.00 «ОРЁЛ И РЕШКА. ЗЕМЛЯНЕ»
19.00 «УРАЛЬСКИЕ ПЕЛЬМЕНИ. СМЕХБУК»
19.30 «ОДНАЖДЫ В РОССИИ»
20.30 «ДОМ-ЛОВУШКА»
22.20 «НЕЧЕСТИВЫЕ»
00.20 Сериал «ДВА ЛИЦА СТАМБУЛА»
01.10 Телехикая «Қатыгез Ыстанбұл»
02.00 «Қызық Live» (каз.)
02.40 «Ұ-NIGHT SHOW» (каз.)
03.20 Телехикая «Достық 99» (каз.)
04.00-05.00 «Екі езу» (каз.)

ЖҰМА
3 СӘУІР

QAZAQSTAN

5:30 ӘНҰРАН
6:10 «ҚҰДАША ҚЫЗ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
7:00 «TAŃSHOLPAN»
9:00 «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
10:10 «СЕЗІМ МЕН СЕРТ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
12:10 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...»
13:10 «ЖАТ БАУЫР» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
14:10 «ҚАЗАҚ ТАЗЫСЫ»
14:50 «САҒЫНДЫРҒАН ӘНДЕР-АЙ»
15:35 «КӨКЖИЕКТЕН АСҚАН ҮН»
16:00 «ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
17:20 «ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ»
18:00 «СЕЗІМ МЕН СЕРТ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «ГҮЛДЕР СЫРЫ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
21:25 «ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
22:20 «АШЫҚ АЛАҢ»
23:10 «1001 ТҮН»
0:10 «ПАРАСАТ МАЙДАНЫ»
0:50 «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
2:10 «ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ»
2:55 «АШЫҚ АЛАҢ»
3:40 «ҚАЗАҚ ТАЗЫСЫ» ДЕРЕКТІ ФИЛЬМІ

05:00 ТЕЛЕХИКАЯ «ФАТМАГУЛ»
07:00 «ОЯН!»
09:00 «АРНАЙЫ РЕПОРТАЖ»
09:30 МИРОВЫЕ НОВОСТИ
09:45 ӘЛЕМ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ
10:00 ТЕЛЕХИКАЯ «ЭШРЕФ»
12:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «КЕЛІНЖАН 6»
13:00 «ОЙНАIQ»
14:00 МУЛЬТФИЛЬМ «ПУШИСТЫЙ ВОЯЖ»
15:30 «БЕРНАРД: МИССИЯ МАРС»
17:00 ТЕЛЕСЕРИАЛ «МЕЧТА ЭШРЕФА»
19:30 МЕЛОДРАМА «ПЛАН Б»
22:00 «ҚОҒАМ ПІКІРІ» САЯСИ ТОК-ШОУЫ
23:00 ТЕЛЕХИКАЯ «ЭШРЕФ»
01:00 ТЕЛЕХИКАЯ «ФАТМАГУЛ»

ASTANA TV

06.00 «Қош келдіңіз» телехикаясы
07.10 «Ана» телехикаясы
09.00 «Үкім» телехикаясы
10.00 «Қорғансыздар 2» телехикаясы
11.30 «Еркектерге қарсы» телехикаясы
12.10 «Қолтаңба» бағдарламасы
12.30 «Қарызсыз қоғам» бағдарламасы
13.30 «Бизнес по-казахски в Африке» к/ф
15.30 «Бизнес по-казахски в Корее» к/ф
17.30 «Ханзада Жумонг» телесериал
19.00 «Astanatimes»
20.00 «Үкім» телехикаясы
21.00 «Қорғансыздар 2» телехикаясы
22.00 «Сөнбеген жалын» телехикаясы
23.30 «Ханзада Жумонг» телесериал
00.40 «Алпарслан 2» телехикаясы

6:00 «П@УТINA» бағдарламасы
7:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
8:30 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10:00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО!»
10:50 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР»
11:50 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ!»
12:45 «КРЕСТНЫЙ»
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMIZ-ШОУ» бағдарламасы
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:30 «ПАРЛАМЕНТ ONLINE»
20:55 «ПОЛЕ ЧУДЕС»
22:10 «ПУЛЯ»
2:20 «ПАДЕНИЕ ОРДЕНА».
3:40 «KÖREMIZ-ШОУ» бағдарламасы

КТК

7:00 ҚР ӘНҰРАНЫ
7:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
7:25 «ӘНІМ СЕН ЕДІҢ»
8:10 «ДЖЕЛАЛАДДИН», түрік телехикаясы.
9:30 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (повтор)
10:10 «ГОРЯЧИЙ»
12:10 «КЛАН ЮВЕЛИРОВ», мелодрама
14:10 «КОЛЬЦО С РУБИНОМ», мелодрама
16:40 «ДЖАМАЙКА», мелодрама
18:30 «ОДНАЖДЫ В ЧУКУРОВА»
21:40 Мелодрама
1:20 «ДЖАМАЙКА», мелодрама (повтор)
2:40 «ДЖЕЛАЛАДДИН», түрік телехикаясы
4:00 «КТК ҚОРЖЫНЫ»
5:00 «ӘНІМ СЕН ЕДІҢ», ойын-сауық бағдарламасы (қайталау)

31

06:00 «Әзіл студио»
07:00 Информбюро (рус/каз)
08:00 «31 әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
09:30 «Аватар: Легенда об Аанге»
10:20 Мультсериал «Губка Боб»
11:10 Мультсериал «Кунг-фу Панда»
12:00 «Подводный капкан» (повтор)
13:50 «Хищник» (повтор)
16:00 «Хищник 2» (повтор)
18:10 «Коммандос»
20:00 Информбюро (рус/каз)
21:00 «Иллюзия обмана»
23:00 «Бозторғай» телехикаясы 64-65 бөлім
01:00 «31 әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
02:40 «Time Vine» ойын-сауық бағдарламасы
03:00 «TikTok show» ойын-сауық бағдарламасы
03:20 «What's up?» ойын-сауық бағдарламасы
04:00 «Әзіл студио» ойын-сауық бағдарламасы
04:20 «1001 әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
04:30 Телевикторина «BALA BATTLE»
05:20 «Ризамын» ойын-сауық бағдарламасы

7

6:00 Әнұран
6:02 «Өсекшілер». Телехикая.
7:00 «Үзілген жапырақтар». Телехикая
8:40 «ӘМІРШІ ӘЙЕЛ». Телехикая
9:00 НУ, ПОГОДИ! Мультсериал
11:00 «Ветреный». Телесериал
13:30 «ҰЛЫ ДАЛА ЖАНҰЯСЫ». Телехикая
14:40 Телесериал.
15:40 Императрица Ки. Телесериал
17:00 «ВЕЛИКОЛЕПНЫЙ ВЕК. ХЮРРЕМ».
18:00 ЖАҢАЛЫҚТАР. ТІКЕЛЕЙ ЭФИР
18:30 «ВЕЛИКОЛЕПНЫЙ ВЕК. ХЮРРЕМ».
19:30 НОВОСТИ. ПРЯМОЙ ЭФИР
20:00 «ВЕТРЕНЫЙ». Телесериал
22:00 «ҮЗІЛГЕН ЖАПЫРАҚТАР». Телехикая
23:20 Әзілің жарасса
2:20 «Бастық боламын». Телехикая.
3:00 Гүл-гүл шоу
3:40 Жұлдызды шаңырақта
4:20 Япырай

НТК

07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 Телехикая «Достық 99» (каз.)
07.40 Телехикая «Қатыгез Ыстанбұл»
08.30 «INSTA LIKE» (каз.)
09.00 «ЩЕНЯЧИЙ ПАТРУЛЬ»
09.30 «УРАЛЬСКИЕ ПЕЛЬМЕНИ»
10.00 «ОРЁЛ И РЕШКА. ЧУДЕСА СВЕТА 5»
11.00 «ОРЁЛ И РЕШКА. ЗЕМЛЯНЕ»
12.00 «СЕЗІМ БАҒЫ» (каз.)
16.00 Сериал «ДВА ЛИЦА СТАМБУЛА»
17.00 Телехикая «Қашан туасың»
17.20 «INSTA TV» (каз.)
17.35 «OZMZ ғой» (каз.)
18.00 «ОХОТНИКИ ЗА ПРИВИДЕНИЯМИ»
20.10 «ПОСЛЕДНИЙ НАЕМНИК»
22.10 «УЛЫБКА»
00.20 Сериал «ДВА ЛИЦА СТАМБУЛА»
01.10 Телехикая «Қатыгез Ыстанбұл»
01.50 «ТABOO» (каз.)
03.10 «Қызық Live» (каз.)
03.50 Телехикая «Достық 99» (каз.)
04.10 «INSTA TV» (каз.)
04.30-05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)

СЕНБІ
4 СӘУІР

QAZAQSTAN

5:30 Әнұран
6:05 «Ауылдастар»
6:40 «Құдаша қыз» телехикаясы.
8:05 «ҰЛТТЫҢ ЖАНЫ. ҰЛЫ ДАЛА ОЙЫНДАРЫ» деректі фильмі
8:35 «Көкжиектен асқан үн» күнделігі
9:00 «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ» телехикаясы.
10:00 «Сезім мен серт» телехикаясы.
12:00 «Қайырлы кеш!»
13:50 «ҰМЫТЫЛМАС ӘНДЕР» концерті
16:00 Дисней ұсынады: «Аңдар шаһары» мультфильмі.
17:40 «ҚОС ПАЛАТА».
18:00 «СЕЗІМ МЕН СЕРТ» телехикаясы.
20:00 АҚПАРАТ
20:10 «ӘЛЕМ ЖӘНЕ БІЗ».
20:30 «ГҮЛДЕР СЫРЫ» телехикаясы.
21:20 «КӨКЖИЕКТЕН АСҚАН ҮН» халықаралық музыкалық жобасы
23:10 Дисней ұсынады: «СҰЛУ МЕН ҚҰБЫЖЫҚ» көркем фильмі (АҚШ, 2017 ж.)
1:30 «Қыз тағдыры» телехикаясы.
2:20 АҚПАРАТ
2:30 «Қос палата».
2:50 «Әлем және біз».
3:10 «Ауылдастар».

05:00 ТЕЛЕХИКАЯ «ФАТМАГУЛ»
07:00 «АЛҒАШҚЫ»
08:00 КОНЦЕРТ «ЖҰЛДЫЗЫМ»
08:35 «ДЕТСКАЯ МЕДИЦИНА»
09:00 «ПУШИСТЫЙ ВОЯЖ»
10:30 МУЛЬТСЕРИАЛ «ТУРБОЗАВРЫ»
11:00 МЕЛОДРАМА «ПЛАН Б»
13:00 «XXI ҒАСЫР КӨШБАСШЫСЫ»
14:30 «ҚЫЗЫҚ TIMES»
15:45 ТЕЛЕХИКАЯ. «КЕЛІНЖАН 6»
18:00 «7 КҮН»
18:40 ЖҰМЫР ЖЕР
19:00 «COVER SHOW»
21:00 ДРАМА «ПРИБЫТИЕ»
23:15 ТЕЛЕХИКАЯ «ФАТМАГУЛ»

ASTANA TV

06.00 «Еркектерге қарсы» телехикаясы
07.10 «Бизнес по-казахски в Африке» к/ф
09.00 «Үкім» телехикаясы
10.00 «Қорғансыздар 2» телехикаясы
11.20 «Шал» к/ф
13.30 «Кінәратсыз күнә» к/ф
15.20 «Алдараспан»
17.00 «Saraptimes»
18.00 «Бақсы» к/ф
20.00 «Үкім» телехикаясы
21.00 «Қорғансыздар 2» телехикаясы
22.00 «Сөнбеген жалын» телехикаясы
23.00 «Айка» к/ф

6:00 «П@УТINA» бағдарламасы
6:40 «КОНЕЦ ИГРЫ». Многосерийный фильм
9:00 «ПАРЛАМЕНТ ONLINE»
9:20 «ПОВАРА НА КОЛЕСАХ»
10:15 Фильм «ВИНОВАТА ЛЮБОВЬ»
15:00 «QOSLIKE» бағдарламасы
17:45 «ЕРЕКШЕ» фильмінде
20:00 «АСАУ ЖАҢАЛЫҚТАР»
20:35 «ЗАҢ МЕН ЕЛ» бағдарламасы
21:00 Многосерийный фильм «ВДОВЕЦ»
1:00 Ночной кинотеатр.
3:00 Ночной кинотеатр. «ПАДЕНИЕ ОРДЕНА».
3:50 «П@УТINA» бағдарламасы

КТК

7:00 ҚР ӘНҰРАНЫ
7:05 «ӘНІМ СЕН ЕДІҢ»8:00 «ЗҰЛМАТ»
9:40 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (повтор)
10:20 Мелодрама (повтор)
14:00 «ОДНАЖДЫ В ЧУКУРОВА»
18:30 «МАХАББАТ ӘЛЕМІ»
21:00 «ДОМРАБОТНИЦА», мелодрама
0:30 Мелодрама (повтор)
3:30 «ЗҰЛМАТ», өзбек фильм
4:50 «МАХАББАТ ӘЛЕМІ» (қайталау)

31

06:00 «Әзіл студио»
07:00 «Күлiп All»
07:30 «Тәтті шоу»
08:00 «Аватар: Легенда об Аанге»
09:10 Мультсериал «Кунг-фу Панда»
10:00 «Готовим с Адель»
10:40 «Шаншар»
11:00 Саумал
11:20 «Шаншар»
13:00 «Хотя бы кинода 3» комедиясында
14:50 «Игры с огнём»
16:50 «История игрушек 2»
18:50 «Пит и его дракон»
20:50 «Железный человек 2»
23:20 «Ангелы и демоны» (повтор)
02:00 «Bizdin show»
02:30 «31 әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
03:30 «Тамаша Live»
04:40 «Әзіл студио»
05:00 «1001 әзіл»

7

6:00 Әнұран
6:02 Жұлдыздар шеруі (концерт)
7:00 «Үзілген жапырақтар». Телехикая
8:30 Зың-зың Күлпәш. Бағдарлама
9:00 «КАРАДАЙЫ. БЕСЦЕННАЯ ПРАВДА».
13:00 ШЫМКЕНТ ШОУ. ӘЗІЛ-СЫҚАҚ ТЕАТРЫ
14:00 «КІМГЕ КЕРЕКСІҢ?». КӨРКЕМ ФИЛЬМ
16:00 «БРИЛЛИАНТОВАЯ РУКА» х/ф
18:00 «ВЕЛИКОЛЕПНЫЙ ВЕК. ХЮРРЕМ».
20:00 «ВЕТРЕНЫЙ». Телесериал
22:00 «ҮЗІЛГЕН ЖАПЫРАҚТАР». Телехикая
23:10 «ТАНЦУЙ, ТАНЦУЙ» х/ф
1:50 Гүл-гүл шоу
2:40 Әйгерім Сейфолланың сырласу
3:30 Жарқыраған жұлдыз
4:20 Жұлдызды шаңырақта
5:10 Қызықты weekend

НТК

07.00 «Ең күлкілі әртістер» (каз.)
07.40 Телехикая «Қатыгез Ыстанбұл»
08.30 «INSTA LIKE» (каз.)
09.00 «ВСПЫШ И ЧУДО-МАШИНКИ»
10.20 «ЗАТЕРЯННЫЙ МИР»
12.20 «ЭЙ, АРНОЛЬД! ПРИКЛЮЧЕНИЯ В ДЖУНГЛЯХ» (анимационный фильм)
14.00 «СЕЗІМ БАҒЫ» (каз.)
17.00 «УЖАСТИКИ»
19.00 «ДЖЕЙСОН БОРН»
21.10 «НА КРАЮ»
23.00 «АСТРАЛ 5: КРАСНАЯ ДВЕРЬ» (фильм ужасов, Патрик Уилсон, Роуз Бирн)
01.00 Телехикая «Қатыгез Ыстанбұл»
01.50 «Қызық Live» (каз.)
02.30 «Ұ-NIGHT SHOW» (каз.)
03.10 «INSTA TV» (каз.)
04.00-05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)

ЖЕКСЕНБІ
5 СӘУІР

QAZAQSTAN

5:30 ӘНҰРАН
5:45 «АУЫЛДАСТАР»
6:15 «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ»
6:40 «ҚҰДАША ҚЫЗ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
7:25 ДИСНЕЙ ҰСЫНАДЫ: «АҢДАР ШАҺАРЫ» МУЛЬТФИЛЬМІ.
9:00 «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
10:00 «СЕЗІМ МЕН СЕРТ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
12:00 «КӨКЖИЕКТЕН АСҚАН ҮН»
13:40 ҚҰДАЙБЕРГЕН БЕКІШТІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КЕШІ
15:10 ДИСНЕЙ ҰСЫНАДЫ: «СҰЛУ МЕН ҚҰБЫЖЫҚ» КӨРКЕМ ФИЛЬМІ (АҚШ, 2017 Ж.)
17:40 «АҚОРДА»
18:00 «СЕЗІМ МЕН СЕРТ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
20:00 «АПТА» САРАПТАМАЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ. ТІКЕЛЕЙ ЭФИР
20:40 «ГҮЛДЕР СЫРЫ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
21:30 «ҚАЙЫРЛЫ КЕШ!»
23:10 «НАБАТ ОПЕРАЦИЯСЫ». КӨРКЕМ ФИЛЬМ (ҚАЗАҚСТАН, 2024 Ж.)
1:10 «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
2:00 «АПТА» САРАПТАМАЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ.
2:40 «АҚОРДА»
2:55 «ІНЖУ-МАРЖАН»
3:45 «АУЫЛДАСТАР»

05:00 Телехикая «Фатмагүл»
07:00 «Алғашқы»
08:00 Концерт «Turar» Тұрар Ыдырыстың жеке ән кеші
10:00 Мультфильм «Бернард: Миссия Марс»
11:30 Мультсериал «Турбозавры»
11:45 Драма «Прибытие»
14:00 «Өмір өрнегі»
15:15 Телехикая. «Келінжан 6»
19:00 «7 күн»
19:40 Глобальные события
20:00 «Қызық times»
21:15 Комедия «Белые цыпочки»
23:15 Телехикая «Фатмагүл»

ASTANA TV

06.00 «Еркектерге қарсы» телехикаясы
07.10 «Бизнес по-казахски в Корее» к/ф
09.00 «Үкім» телехикаясы
10.00 «Қорғансыздар 2» телехикаясы
11.20 «Рам и Лакхан» кино
14.20 «Заттыбек Көпбосынұлы»
17.00 «Томирис» к/ф
20.00 «Үкім» телехикаясы
21.00 «Қорғансыздар 2» телехикаясы
22.00 «Сөнбеген жалын» телехикаясы
23.30 «Бақсы» к/ф

6:00 «П@УТINA» бағдарламасы
6:45 «КОНЕЦ ИГРЫ».
7:40 «АСАУ ЖАҢАЛЫҚТАР»
8:20 «ЗАҢ МЕН ЕЛ» бағдарламасы
8:45 «ВТОРОЙ БРАК»
12:40 Многосерийный фильм «ВДОВЕЦ»
14:00 Ток-шоу «ГОВОРИМ О ГЛАВНОМ»
15:00 «ВДОВЕЦ». ПРОДОЛЖЕНИЕ
18:00 «ПОЙМАЙ МЕНЯ»
20:00 «АНАЛИТИКА»
20:50 «АНЫҚТАЙМЫЗ. РУСЛАН ӨТЕПБАЙМЕН» бағдарламасы
21:40 «ДОЛГИ СОВЕСТИ»
1:40 Ночной кинотеатр. «ПАДЕНИЕ ОРДЕНА». Многосерийный фильм
2:35 «П@УТINA» бағдарламасы

КТК

7:00 ҚР ӘНҰРАНЫ
7:05 «МАХАББАТ ӘЛЕМІ» (қайталау)
9:00 «ҚҰТҚАРУШЫ»
10:30 «ДОМРАБОТНИЦА», мелодрама (повтор)
14:00 «ОДНАЖДЫ В ЧУКУРОВА», турецкая мелодрама.
18:30 «АЛДАРАСПАН», әзіл мен ән думан кеші
21:00 «ПОРТРЕТ НЕДЕЛИ» с Артуром Платоновым
22:00 «БЫЛО ДЕЛО», документальный детектив
23:10 «ДОМРАБОТНИЦА», мелодрама (повтор)
2:20 «ҚҰТҚАРУШЫ», өзбек фильм (көркем фильм) (қайталау)
3:35 «АЛДАРАСПАН», әзіл мен ән думан кеші (қайталау)

31

06:00 «Әзіл студио» ойын-сауық бағдарламасы
07:00 «Күлiп All» ойын-сауық бағдарламасы
07:30 «Тәтті шоу»
08:00 «Аватар: Легенда об Аанге»
08:50 Мультсериал «Губка Боб»
09:20 «Готовим с Адель»
10:00 Телевикторина «TeleBingo»
10:30 Реалити-шоу «New me»
11:00 Саумал
11:20 «TikTok show» ойын-сауық бағдарламасы
11:30 КИНО. Джон Сина в семейной комедии «Игры с огнём» (повтор)
13:30 Анимационный фильм «История игрушек 2» (повтор)
15:30 КИНО. Оакс Фигли в фэнтези «Пит и его дракон» (повтор)
17:30 «Железный человек 2»
20:00 «Бегущий в лабиринте»
22:30 «Обитель зла 2: Апокалипсис»
00:20 Реалити-шоу «New me» (повтор)
01:00 «31 әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
03:00 «TikTok show»
03:30 «Time Vine»
03:50 «1001 әзіл»
04:00 Телевикторина «BALA BATTLE»
05:00 «Әзіл студио» ойын-сауық бағдарламасы
05:30 «Ризамын» ойын-сауық бағдарламасы

7

6:00 Әнұран
6:02 «Жұлдыздар шеруі» (Концерт)
7:00 «Үзілген жапырақтар». Телехикая
8:30 «Зың-зың Күлпәш». Телехикая.
9:00 «КАРАДАЙЫ. БЕСЦЕННАЯ ПРАВДА».
13:00 «Бриллиантовая рука» х/ф
15:00 «Танцуй, танцуй» х/ф
18:00 «ВЕЛИКОЛЕПНЫЙ ВЕК. ХЮРРЕМ». Телесериал (Турция, 2011 г.)
20:00 «ВЕТРЕНЫЙ». Телесериал (Турция, 2019 г.)
22:00 «ҮЗІЛГЕН ЖАПЫРАҚТАР». Телехикая (Түркия, 2010 ж.)
23:20 «МОЙ БРАТ» х/ф
1:20 Алдараспан
2:30 Гүл-гүл шоу
3:20 Әйгерім Сейфолланың сырласу
4:10 Жарқыраған жұлдыз
4:50 Жұлдызды шаңырақта
5:20 Қызықты weekend

НТК

07.00 «Ең күлкілі әртістер» (каз.)
07.40 Телехикая «Қатыгез Ыстанбұл»
08.30 «INSTA LIKE» (каз.)
09.00 «ВСПЫШ И ЧУДО-МАШИНКИ»
10.00 «ЭЙ, АРНОЛЬД! ПРИКЛЮЧЕНИЯ В ДЖУНГЛЯХ»
11.30 «ЛЕСНАЯ БРАТВА»
13.00 «РЕАЛЬНАЯ БЕЛКА 2»
14.40 «УЖАСТИКИ»
16.50 «ДЖЕЙСОН БОРН»
19.10 «НА КРАЮ» (криминальная драма, Бриттани Эшворт, Луис Бойер, Бен Лэмб)
20.50 «ЛУЧШЕЕ ПРЕДЛОЖЕНИЕ» (криминальный триллер, Джеффри Раш, Джим Стерджесс, Сильвия Хукс)
23.20 «МАШИНА» (криминальная комедия, Берт Крайшер, Марк Хэмилл)
01.20 Телехикая «Қатыгез Ыстанбұл»
02.10 «Қызық Live» (каз.)
02.50 «Ұ-NIGHT SHOW» (каз.)
03.30 «INSTA TV» (каз.)
04.00-05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)

ХАЛЫҚТЫҢ НЕГІЗГІ ТОПТАР АРАСЫНДА АИТВ-ИНФЕКЦИЯСЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ КЕҢЕС БЕРУ

Халық денсаулығын сақтау – денсаулық сақтау жүйесінің ең маңызды міндеттерінің бірі. Қазіргі жағдайда аурулардың алдын алу және халық арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу ерекше маңызға ие.

Алдын алу жұмыстарының маңызды бағыттарының бірі – халықтың негізгі топтарымен жұмыс жүргізу. Халықтың негізгі топтарына әлеуметтік, мінез-құлықтық немесе медициналық факторларға байланысты АИТВ-инфекциясын және жыныстық жолмен берілетін басқа да инфекцияларды жұқтыру қаупі жоғары адамдар жатады. Сондықтан бұл топтар арасында алдын алу жұмыстарын жүргізу АИТВ-инфекциясының таралуын азайтуда маңызды әсер атқарады.

Алдын алу жұмыстарының негізгі бағыттары – ақпараттандыру, кеңес беру және ерікті тестілеу жүргізу. АИТВ-инфекциясының алдын алу орталығының мамандары инфекцияның берілу жолдары, алдын алу шаралары және тұрақты түрде тексеруден өту қажеттілігі туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізеді. Әсіресе адамның өз денсаулығына және айналасындағы адамдардың денсаулығына жауапкершілікпен қарауын қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінеді.

Кеңес беру – алдын алу жұмыстарының маңызды бөлігі. Кеңес беру барысында мамандар АИТВ-инфекциясы туралы сенімді ақпарат береді, сұрақтарға жауап береді, ықтимал қауіптерді бағалауға көмектеседі және денсаулықты сақтау бойынша ұсыныстар жасайды. Сондай-ақ кеңес беру адамдардың алаңдаушылық деңгейін төмендетіп, өз денсаулығына қатысты дұрыс шешім қабылдауға көмектеседі.

Салауатты өмір салтын насихаттау да үлкен орын атқарады. Жеке гигиенаны сақтау, қорғаныс құралдарын пайдалану, қауіпті мінез-құлықтан бас тарту және тұрақты медициналық тексеруден өту АИТВ-инфекциясын жұқтыру қаупін айтарлықтай төмендетеді.

Сонымен қатар алдын алу жұмыстарының маңызды элементтерінің бірі – халық арасында ақпараттық науқандар, дәрістер, әңгімелер өткізу және ақпараттық материалдар тарату. Мұндай жұмыстар адамдардың аурулардан қорғану тәсілдері туралы білім деңгейін арттырып, өз денсаулығына қамқорлық жасау мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді.

АИТВ-инфекциясының алдын алу – тек медицина қызметкерлерінің ғана міндеті емес, әрбір адамның жауапкершілігі. Уақтылы ақпарат алу, мамандардан кеңес сұрау және алдын алу шараларын сақтау денсаулықты сақтауға және қоғамда аурулардың таралуының алдын алуға көмектеседі.

Алдын алу – қауіпсіз, дені сау және бақуатты өмірге бастайтын жол.

А.ИДРИСОВА,
Астана қаласы әкімдігінің «АИТВ-инфекциясының алдын алу орталығы» МКҚК дәрігер-эпидемиологы

ХАБАРЛАМА

«Астана қаласының активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ 11.03.2026 ж. № 559 «Астана қаласының коммуналдық меншігіне сыйға тарту шарты бойынша мүлікті қабылдау туралы» бұйрығы бойынша «Астана шаруашылық басқармасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі БСН 120340003574 жарғылық капиталдың мөлшері 725 453 (жеті жүз жиырма бес мың төрт жүз елу үш) теңге 53 тиынға азайғаны туралы хабарлайды.

Табиғи монополия субъектілерінің қызметін жүзеге асыру қағидаларына сәйкес Астана қаласы, І.Жансүгірұлы көшесі, 7 мекенжайы бойынша орналасқан «Астана-Теплотранзит» АҚ тұтынушыларға және өзге де мүдделі тұлғаларға 2025 жылға бекітілген тарифтік сметаның орындалуы, бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы есеп беруді өткізеді.

Тыңдау 2026 жылғы 20 сәуірде сағат 15.00-де Астана қаласы, І.Жансүгірұлы көшесі, 7 мекенжайындағы «Астана-Теплотранзит» АҚ ғимаратында өткізіледі, сондай-ақ facebook.com әлеуметтік желісіндегі «Астана-Теплотранзит» АҚ-тың ресми парақшасы арқылы онлайн режимде таратылады.

№34-36 (4934) 28/03/2026 Сенбі





ҰЛТТЫҚ КОДТЫ БИ ТІЛІНДЕ ЖАҢҒЫРТТЫ

Астана қаласы әкімдігінің «Наз» мемлекеттік би театры «Наурыз көже» театрландырылған-хореографиялық спектаклінің премьерасын ұсынды. Либретто авторы – драматург Сағаділдә Үсібәлі, қоюшы хореографтар – Қадиша Ағымбаева, Сағит Дүзбаев, Мирамгүл Айтмағамбетова, Ұлан Изенаев.

«Қазіргі жаһандану заманында балаларымыз шетелдік кейіпкерлерді танығанымен, өз тамырымыздан алшақтап барады. «Наурыз көже» спектаклі – бұл жай ғана қойылым емес, бұл ұлттық кодты жаңғырту. Біз Наурыздың тек «тамақ жеу» емес, бұл бірлік, кешірім, табиғатқа деген мейірім және еңбек екенін көрсеткіміз келді. Мақсатымыз – тіл мен дәстүрді құрғақ сөзбен емес, бидің, музыканың және сиқырлы ертегінің тілімен балалардың жүрегіне жеткізу. «Наурыз көже» – ұлттық асымыз, ұлттық бренд. Өскелең ұрпақтың тәрбиесіне хореография арқылы рухани инвестиция салу – біздің міндетіміз» дейді автор Сағаділдә Үсібәлі.

Спектакльдің сюжеттік желісіне келсек, «Наурыз көже» – бұл қазақ халқының ежелгі салт-дәстүрлері мен табиғат ананың оянуын бейнелейтін сиқырлы хореографиялық қойылым. Оқиға күзгі егін жинау науқанынан басталып, қатал Қар ханшайымы Мұзбикенің мұзды патшалығына дейін жетелейді. Оқиға желісінде адалдық пен бірлік, мейірімділік пен еңбеккорлық сынға түседі. Ұмай ананың даналығы мен балалардың батылдығы арқылы зұлымдық жеңіліп, жер бетіне көктем келеді. Ал Ұмай ана мен оның немерелері – ерке Айсұлу мен тәттіқұмар Өсер ауыл халқымен бірге мол өнімді жинап, «Сабан тойын» тойлауға дайындалады. Алайда жылылықты жек көретін Қар ханшайымы Мұзбике мен оның көмекшісі Кесапат қатал қысты ерте түсіріп, елдің берекесін алғысы келеді.

Суықтап ауырып қалған балалар мен жабылып қалған астық қамбасының кілтін іздеу – қойылымның шарықтау шегі. Мұнда адал дос Ақтөс иттің жанқиярлығы мен Ұмай ананың мейірімге толы аластау жырлары басты рөл атқарады. Қара күштердің «Боран» биі мен нәзік «Бәйшешектер» биінің арпалысы табиғаттағы мәңгілік жаңарған тіршіліктің символы іспеттес.

Спектакль соңында Қыдыр атаның ақ батасымен «Жылқы жылы» еніп, барша адамзат Наурыз көжеден дәм татады. Бұл қойылым әрбір баланың жүрегіне туған жерге деген сүйіспеншілік пен ізгілік нәрін себеді.

«Қойылымның хореографиялық маңызына тоқталсам, «Ортеке» биінен бастап, заманауи «Тик-ток» элементтері бар достық биіне дейін жалғасады. Балалар мен кейіпкерлердің арасында интерактивті байланыс орнайды. Бірге жоғалған кілтті іздеп, наурыз көженің құрамын табады. «Көрісу», «Аластау» және «арқан тарту», «асық ойын» сынды киелі ұғыптар менн ұлттық ойындар би тілінде салтанат құрады. Жан-жануарға деген сүйіспеншілік, үлкенге құрмет және табиғатты аялау идеясы – қойылымның тәрбиелік бағыттарының бірі» дейді спектакльдің идея авторы әрі режиссері, «Наз» мемлекеттік би театрының көркемдік жетекшісі, бас балетмейстері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Қадиша Ағымбаева.

Премьерада көрермен залы оқушыларға лық толды. Оқушылар ұлттық ойындарға қатысып, логикалық сұрақтарға жауап берді.

«Бір баланың жүрегіндегі ұлттық мақтанышты ояту – болашаққа салынған ең үлкен қазына. Біз Наурыз мейрамын балалар асыға күтетін, сиқырға толы нағыз ертегіге айналдыру деген мақсатымызға жеткендейміз» деді театр директоры Еркебұлан Ағымбаев.

ЖЫР ЖЫРЛАП, ЖАНСАРАЙДЫ АШТЫ

Ұлттық академиялық кітапханада ақын, жыршы, манасшы Баянғали Әлімжанов шығармашылығына арналған «Атадан қалған аңызым» атты әдеби-сазды кеш өтті.

Рухани кештің мақсаты – ұлттық сөз өнерін дәріптеу, жыраулық дәстүрдің сабақтастығын насихаттау және жас ұрпаққа халық мұрасын кеңінен таныстыру болды. Іс-шара барысында көрермендер ақынның шығармашылық жолымен танысып, оның жыршылық әрі манасшылық өнердегі өзіндік қолтаңбасы туралы кеңінен мағлұмат алды.



Кештің ерекше сәттерінің бірі – қырғыз бен қазаққа ортақ рухани қазына саналатын Манас жырының орындалуы болды. Жыршының орындауындағы эпикалық туынды тыңдарманды терең әсерге бөлеп, түркі халықтарының ортақ мәдени тамыры мен рухани байланысын айшықтай түсті.

Кешке белгілі қаламгер, әдебиеттанушы ғалым, мемлекет және қоғам қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Сауытбек Абдрахманов, жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Әлібек Асқар, жазушы-драматург Жолтай Әлмашұлы, ақын, Жазушылар одағы Астана қалалық филиалының директоры Бауыржан Бабажанұлы, т.б. зиялы қауым өкілдері, кітапхана оқырмандары мен студент жастар қатысты.



ASTANA CUP ТУРНИРІ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ

Астанада 2016 жылы дүниеге келген жасөспірімдер арасындағы футболдан дәстүрлі V халықаралық Astana Cup турнирі өтті.

AirArena спорт кешенінде ұйымдастырылған бұл бәсекеде 12 команда бас жүлдеге таласты. Олардың арасында Ресейден «Чертаново», Өзбекстаннан «Пахтакор», Қырғызстаннан «Абдыш-Ата» және еліміздің үздіктері саналатын «Қайрат», «Астана», «Жеңіс» сынды клубтың тәрбиеленушілері де болды.

«10 жасқа дейінгі санатты таңдауымыздың себебі – олар дәл осы жасында үлкен футболдағы алғашқы қадамын бастайды. 10 жастағы баланың шеберлігін шыңдау, тактиканы түсіну үшін жарыстың ықпалы зор. Оның үстіне бұған дейінгі турнирлерде Ресейдің командасы 3 мәрте және «Пахтакор» (Өзбекстан) клубы чемпион атанды. Олардан да үйренер тұстарымыз көп» деді «№8 балалар мен жасөспірімдер мамандандырылған олимпиадалық резерв спорт мектебінің» басшысы Еркебұлан Жомартұлы.

Төрт күнге жалғасқан жарыстың нәтижесінде жартылай финалға «№8 балалар мен жасөспірімдер мамандандырылған олимпиадалық резерв спорт мектебі», «Пахтакор», «Чертаново» және алматылық «Қайрат» командалары жолдама алды.

Жартылай финалда мәскеулік «Чертаново» чемпион саналған «Пахтакорды» 3:0 есебімен жеңді. Ал екінші ойында жарыс қожайындары «№8 балалар мен жасөспірімдер мамандандырылған олимпиадалық резерв спорт мектебі» алматылық «Қайраттан» 1:0 есебімен басым түсті.

Шешуші кездесуде «Чертаново» астаналық ұжымға еш мүмкіндік қалдырмай, 4:0 есебімен ұтты. Үздік үштікті «Пахтакор» (Өзбекстан) түйіндеді.



МЕРГЕНДЕР МЕРЕЙІ

Түркістан қаласындағы «Атшабар» көпфункционалды спорт кешенінде дәстүрлі садақ атудан Азия чемпионаты өз мәресіне жетті.

Халықаралық деңгейдегі жарысқа Қазақстан ұлттық құрамасымен қатар Моңғолия, Қытай, Қырғызстан, Үндістан, Солтүстік Кипр, Түркия, Өзбекстан, Ресей және Тайланд елдерінен келген спортшылар қатысты. Жалпы саны 10 мемлекеттен 110-ға жуық мерген бақ сынады. Чемпионатқа 18 жастан жоғары ерлер мен әйелдер қатысты.

Жарыс Пута нысанасы (9 оқ, 7 мүмкіндік), Орта Азия нысанасы (7 оқ, 9 мүмкіндік), Жамбы нысанасы (5 оқ, 5 мүмкіндік) қатарлы үш бағыт бойынша өтті.

Нәтижесінде Астана қаласының мергендері топ жарды. Атап айтқанда, Орта Азия нысанасы бойынша Сабыржан Фариза 1-орын, Жамбы нысанасы бойынша Батихан Айкөркем 2-орын, Пута нысанасы бойынша Фариза Сабыржан 2-орын, Айкөркем Батихан мен Қасымхан Қанат 3-орын иеленді.



Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 15 300. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №34-36

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ